ЖАҒЫМПАЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

3-бет

Бекзәкір ҚҰРАЛБАЕВ:

МАҚТААРАЛ МӘСЕЛЕСІН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ШЕШКЕН ЖӨН

5-бет

ПАНДЕМИЯ БЕЗДУХОВНОСТИ ИЛИ КАРАНТИН СОВЕСТИ

13-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ ÚNI 20 JYL

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №19 (889) 18.05.2020 jyl

ЖАҚАШЫ БАР ЕЛГЕ ЖАУДЫҢ КЕРЕГІ ЖОҚ

ТОҚТАР ЖАҚАШ ТІЛГЕ ҚАРСЫ «ТОЛҒАУЫНДА» ЕЛДІ НЕГЕ АЛДАЙДЫ?

2017 жылы алды әлемге әйгілі Ұлт зиялыларының Конституциядан 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап еткен Ашық хаты биылғы 9-сәуірден бастап қайта қатты қарқын алды! Тәуелсіздік алған отыз жыл бойы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылданбағанына наразы ел он бес күнде 100 мыңнан аса қол қойды! Қазір 115 мыңнан асып кетіп, қол қою әлі жалғасуда! Ашық хатты «Қазақ үні» сайтында оқығандар саны бүгінде 800 мыңға жуықтады.

Қазақ тілін қолдап, қол қою қайта басталғанда қарсы шығушылардың қарқыны да қайта күшейіп, қаралаған мақалалар жазып, сайтымызға да шабуылдауы күшейіп тұр. Өткенде бір жазып едім: «КОРОНАВИРУСТЕН ҚҰЛДЫҚ ВИРУС ҚАУІПТІ» деп. Өкінішке орай сол сөзім күннен күнге расқа айналуда.

6 бет

БІЗДІҢ САЙРАШ АПАЙ

...Міне, Сәкең үнемі осындай игі істердің басы-қасында жүріп, оң өзгерістерге мұрындық болып келе жатқан қайраткер. Оқырман назарына әріптес сіңлілері мен інілерінің Сайраш Әбішқызы туралы лебізі ұсынылып отыр.

8-9 бет

ЕРТЕҢ ЕЛДІ КІМ АСЫРАЙДЫ, СМАҒҰЛОВ пен КИМ АСЫРАЙ МА?..

7 бет

ӨЛЕҢДЕ ДЕ, ӨМІРДЕ ДЕ ҰСТАЗ АҒА!

Қазақтың көрнекті ақыны, қайраткер қаламгері Мейірхан Ақдәулетұлы ағамыз жемісті жетпіс жасқа толып отыр екен! Мереке Берекеге ұласып, шаңырағыңыз шапағат пен шаттыққа бөлене бергей, Мейірхан аға!

16 бет

ЧТОБЫ ВЫЙТИ ИЗ КРИЗИСА, НАДО СОКРАТИТЬ ЧИНОВНИКОВ

В РК COVID-19 высветил многие недостатки: у нас экономика сырьевая, несамодостаточная, всецело зависит от поставок из-за рубежа, нет многих производств, не может обеспечить страну самым необходимым – товарами первой необходимости, оборудованием и т.д. А также слабая медицина, неразвитая наука, нехватка больниц, медицинских центров, отсутствие производства средств биологической защиты, препаратов, вакцин и т.д...

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛСАҚ ПАНДЕМИЯНЫ ЖЕҢЕМІЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына іс сапары барысында бірқатар кәсіпорындарды аралап, коронавирус індетін анықтауға арналған жаңа мобильді скрининг орталығында болды. Бұл орталық Оңтүстік Кореяның технологиясы бойынша жұмыс істейді.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысына қаладағы эпидемиологиялық ахуал жайында есеп берді. Кореялық «Medical Partners Korea» медицина компаниясының басшылары Ким Даёнг пен Мин Хисук Қазақстан Президентіне мобильді лабораторияның мүмкіндігі мен «Drive-through» жүйесі бойынша сынама алудағы тәжірибелері туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев дәрігерлермен әңгімелесіп, оларға қажырлы еңбектері үшін ризашылығын білдірді.

– Пандемия – шын мәніндегі соғыс. Бүкіл әлем пандемияға қарсы соғыс жариялады. Французда соғыстың аты соғыс деген сөз бар. Біз жұдырықтай жұмылсақ, пандемияны жеңе аламыз, – деді Президент. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Орталықтың қызметкерлерін Халықаралық медбикелер күнімен құттықтады.

ОҢТҮСТІКТЕ ТАҒЫ ҮШ АУДАН АУЫЛДАРЫН СУ БАСТЫ

Толассыз төпелеген жауын-шашын салдарынан Түркістан облысының тағы үш ауданындағы бірнеше ауылдарды су басты.
Қазығұрт ауданы әкімдігінің мәліметінше, Алтынтөбе, Жігерген, С.Рақымов ауыл округтері тұрғындары жаңбыр суынан зардап шеккен.

Аудандық Төтенше жағдайлар басқармасы Алтынтөбе ауыл округі мен Қаржан елді мекенінде 2-үй, 1-емхана, 1-дәріхана, 2-қоражайдың аулаларына су кіргенін анықтаған. Ал, Жігерген ауыл округі бойынша 30-үйдің ауласына су кіргені және 4-қора құлағаны тіркелді. С.Рақымов ауыл округі Қызылата елді мекенінде 4-үй, 1-мешіттің ауласын су басқан. Көкібел су қоймасының (151,0 мың м3) толуына байланысты Көкібел елді мекеніндегі 27 отбасының 133 адамы мектепке көшіріліп, азық-түлікпен, медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ал, Сайрам ауданында нөсерлі жауын-шашынның салдарынан Ақсукент, Қарасу, Қарабұлақ, Манкент ауылдарындағы 7 үйдің ауласына су жиналғаны хабарланды. Сонымен қатар, Бәйдібек ауданында да жауын шашын салдарынан су тасқыны болды. Ақбастау ауылдық округіне қарасты Тұрақты елді мекенінде жауын-шашыннан соң Тұтарық каналы 4 жерінен бұзылып, ауылды су басқан. Соңғы мәлімет бойынша, 2 қора құлаған, ауласына су кірген үйлердің саны нақтылануда.

Сонымен бірге қырдағы сай-салалардан ағып келген сулардың салдарынан Боралдай ауылдық округіндегі Қаратас ауылының 6 үйіне, Боралдай ауылындағы 6 үйдің ауласына су кірген. Келген шығын көлемі есептелуде Еске сала кетейік, бұған дейін Түркістан облысының Төлеби ауданында Қасқасу өзені арнасынан асып, 4 көпірді су шайып кеткен болатын.

АҚПАРАТ МИНИСТРІ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН КЕЗДЕСУДІ АЛМАТЫДАН БАСТАДЫ

Жақында Ақпарат және қоғамдық даму министрі болып тағайындалған Аида Балаева Алматыда газет және сайт басшыларымен кездесті.

Ең алдымен өткенде еліміздегі БАҚ басшылары ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа жазған «Қазақ баспасөзінің басына зор қауіп төніп тұр» атты Ашық хаттағы көтерілген өзекті мәселелер айтылды. Ең бастысы Қазақ басылымдарының жазылымы мәселесінің бүгінгідей интернет заманында қиын жағдайда қалып отырғандығы, мемлекет идеологиясын жүргізіп отырған қазақ басылымдарына үкімет те қолдау көрсетпесе болмайды.

Идеологиядағы Телеарнаның рөлі туралы «Қазақ үні» порталында жарияланған белгілі кино және театр тарланы Талғат Теменовтың Ақпарат министрі Аида Балаеваға жазған хатындағы өткір мәселелер де сөз болды.

Белгілі ақын Қазыбек Иса Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысында Ұлттық идеология мәселелерін көтергенде ұсынған шетел үздік балалар арналарындағы мультфильмдерді қазақшаға аударып, «Балапан» арнасынан көрсету мәселесін сөз етті. Өйткені орыс балабақшаларына бармайтын қазақ балаларының өзі осы телеарналар арқылы орысша араластырып сөйлеуге ойысып барады. Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік, Ресей басылымдарының қауіпті деңгейдегі басымдығы, Қазақ қаржысын молынан алып отырған орыстілді БАҚ-тардың Ұлттық мүддемізге қарсы саясаты туралы, ал қазақ басылымдарын сататын дүңгіршектер жүйесінің жоқтығын айтты.

Сонымен бірге қазақтың ұлттық санасының өскені, билік орындарындағы қарсылықтарға қарамастан Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап еткен Ұлт зиялыларының «Қазақ үні» сайтындағы Ашық хатына екі аптада 100 мыңнан аса қол қойылып, қазір 116 мыңнан асып кеткені, 800 мыңға жуық оқырман оқығанына шешім қабылдайтын тиісті орындар баса назар аудару керектігін атап өтті.

«Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторы, жазушы Дәурен Қуат та орыстілді БАҚ мәселесін дұрыс көтеріп, оларға еліміздің ұлттық мүддесі, тарихы мен мәдениетін насихаттайтын тақырыптар беру керектігін ұсынды.

Аида Ғалымқызы барлық БАҚ басшылары сөздері мен көтерген мәселелерін жазып алып, назарға алатынын айтты. Сонымен бірге мемлекеттік тапсырыстың халыққа жетуі мәселесін атап көрсетті. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева бұл күні тағы бірқатар ұжымдарда маңызды кездесулер өткізді.

ЖОЛАУШЫЛАР САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУҒА ТИІСТІ

Көлік саласындағы мемлекеттік бас санитарлық дәрігер Сәдуақас Байғабылов 1 маусымнан пойыздар қозғалысы жанданған кезде жолаушылар айтарлықтай көп болмау керектігін ескертті.

Бірінші маусымнан бастап кезең-кезеңмен ішкі теміржол қатынасын жандандыру жоспарланып отыр. С.Байғабыловтың пайымынша, теміржол көлігімен тасымалдау жанданғандағы бастапқы кезеңде жолаушылар айтарлықтай көп болмауы мүмкін. «Әуе көлігімен тасымалдауды мониторингілеу кезінде тұрғындар өздерінің денсаулығына жауапкершілікпен қарағанын байқадық. Олар ауру жұқтырмас үшін барлық талаптарды қатаң ұстанды. Теміржол көлігімен сапарлау кезінде де жолаушылар осы талаптарға ерекше мән береді», – деді ол. «Ал қалалалар арасында автобуспен тасымалдауда осындай қадағалау болмайды. Онда тек жүргізуші ғана отырады және оның мақсаты – көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондықтан, автобустарда жолаушыларға қатысты жағдайды бақылайтын адамның болмауына байланысты, қазіргі кезде қалалар арасында автобус қатынасын жандандыру ертерек», – деді С.Байғабылов Орталық коммуникациялар қызметінде.

БАСЫНАН БҰЛТ КЕТПЕГЕН «БӘЙТЕРЕК»

«Бәйтерек» холдингі тағы да ірі көлемдегі жемқорлық дауына ілігіп, бірқатар лауазымды тұлғалары тергелуде. Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі қазір лауазымды тұлғаларға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдарын бастады.

Бұл жолғы әңгіме 200 миллион теңгеге жуық қаражаттың қолды болуына қатысты болып отыр. Агенттіктің Нұр-Сұлтан қалалық департаменті холдингтің бірнеше лауазымды тұлғасы мен басқа да шенділерді тергеуге алған. Жоспар бойынша, Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік бизнес үлгісін қайта құру бойынша кеңес беру қызметтерін пайдаланбақшы болады. Бұл агенттік «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингіне қарайды. Холдинг өкілдері сол үшін бөлінген 197 миллион теңге бюджет қаражатын қалтаға басты деген күдікке ілігіп отыр.

Бұдан бұрындар «Бәйтерек» холдингін басқарған кезде мемлекет қаржысын жымқырды деген айыппен ұлттық экономика экс-министрі Қуандық Бишімбаев он жылға сотталған болатын. Ашығын айтсақ, мұндай холдингтер бізде жетіп артылады. Оған қоса олардың еншілес компаниялары жүздеп саналады. Осының бәрі ақша жымқыру үшін жасалған. Осы саладағы министрлік пен оның департаменттері тұрғанда үй ішінен үй тігудің қажеті қанша еді?

СЕНАТ ҚАЗАҚШАСЫ ҚАТЕГЕ ТОЛЫ ЗАҢДЫ КЕРІ ҚАЙТАРДЫ

Талқылау кезінен-ақ, көпшіліктің көңілінен шықпаған Митинг туралы заңның қазақша нұсқасында қателердің өріп жүргенін мәжілісмендер байқамаса да сенаторлар тосқауыл қойды. Ақпарат министрлігі әзірлеген құжаттан олар 422 қате тауып, заң жобасына бірқатар түзетулер де енгізіп, Мәжіліске кері қайтарды деп хабарлады КТК телеарнасы.

Басты себептің бірі, заңнамадағы кейбір нормалар халықтың бейбіт шерулерге кедергісіз қатысуына мүмкіндік бермейді екен. Ал жиналыс өткізетін жер міндетті түрде орталықта орналасуға тиіс. Сенат депутаты Сәрсенбай Еңсегеновтың пікірінше – арнайы орындар міндетті түрде орталықта орналасуы және олардың саны үшеуден кем болмауы тиіс.

Президенттің тапсырмасымен дайындалған заң бейбіт жиналыс өткізу кезінде ескерту сипатына ие. Бұқара әкімдіктен рұқсат сұрамай, шеруді өткізе береді. Сенаторлар наразылық білдірушілерге бетжүзін бүркеуге тыйым салатын ережені де алып тастауды ұсынды. Депутаттардың пікірінше, қазіргі коронавирус жұқтыру қаупі бар кезде, жиынға қатысушылар бетперде киюге құқылы. Егер шеру ұйымдастырушысы немесе оған қатысушы заңды бұзса, олармен құқық қорғау орындары айналысады. Ал олар заң бұзуды тоқтатса, бейбіт жиын қайта жалғасады. Заң жобасына енгізілген ұсыныстарды сарапшылар қолдағанымен, оның іске асыру жағын нақтылау керек дейді. Әйтпесе, ел арасында түсініспеушілік туындауы мүмкін.

Бұл жолы сенаторлар өздерінің жоғары мемлекеттік органда босқа отырмағанын көрсетті. Осындайда мынандай орынды сұрақ туындайды – қазақша қатесіз жазуға Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде білікті бір маман табылмағаны ма? Осыншама қатені көрмеген жүзден аса мәжілісмендер де мәңгүртке айналған ба? Осының бәрі заңды орысша жазып, қазақша аударғаннан болып отырғаны белгілі. Бұдан кейін «Конституциядан 7-баптың 2-тармағын алып тастап, Мемлекеттік Тіл туралы заң қабылдау керек», – деген ашық хатқа қол қойған жүз мыңдаған адамдардың талабының дұрыстығына көз жеткізесіз.

Қазақтың мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын мейілінше терең зерттеген данышпан Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол...» – деп айтқан өсиеті ғасырдан аса уақыт өтсе де осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтқан жоқ. Керісінше бүгінгідей ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру кезеңінде соған тағы да оралып, баса назар аударуға тиістіміз. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ...» – деп саусағымен санап берген бес кемшілігімізге – алтыншы етіп бүгінгі қазақ қоғамындағы, әсіресе жоғары жақты жайлап алған жағымпаздықты да қосып, соған қарсы арнайы заң қабылдасақ та артық емес. Кемшіліктерімізді түгендеп одан әрі тізе бергенінде, келер ұрпақты жамандық атаулыдан сақтандырған Абай атамыздың да саусағы жетпей қалар еді...

ЖАҒЫМПАЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

«Бәрін жетістіріп болып, енді осы жағымпаздық туралы заң ғана қалып еді...» - деп мысқылдайтын оқырмандарымыз да табылып қалар. Оқырмандарға өкпе жоқ, олай деуге толық құқылы. Бәзбіреулердің ұсынысына орай әлденеше өзгеріске ұшыраған, Тәуелсіздік таңында көпшілік бірауыздан мақұлдаған Конституциямыздан бастап, жылдар бойы қабылданып жатқан заңдарымыздың бірқатарының екі-үш қайнауы ішінде кеткендігі өз алдына, кейбірін билік басындағылар өз ыңғайларына икемдеп, халық мүддесін ескермей бұрмалап алғандарға айтар әңгіме бөлек. Оның обалын заң жобасын жасайтындар мен біздің Парламенттегі қос палатада көзін жұмып, қалғып отырып дауыс бере салатын депутаттардың еншісіне қалдырдық. Бүгінгі бұрыс бағыттары мен шикі шешімдері үшін ертеңгі күн ұрпақ алдында өздері жауап бере жатар. Тарих таразысы ешкімнің ақысын жемейді, әділ бағасын береді болашақта.

Әрине, саяси-экономикалық, әлеуметтік-тұрыстық жағдайларға қатысты маңызды мәселені қарастыратын заң ережелерінің қасында «жағымпаздық» дегеніңіз жай ғана ойыншық болып саналуы мүмкін. Бір қарағанда дәп солай көрінеді де. Бірақ шын мәнінде олай емес.Әйтпесе, дарынды ақынымыз Абай«Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақтан» басқа тақырып таппай қалды деймісіз? Алдымызда алынбас қамал болып көрінген ірі мәселенің бәрі осындай «ұсақ-түйектен» басталатынын түсінуіміз керек. Олай болса жағымпаздық жайлы әңгімемізді бастайық.

Алдынала айта кетейік, жағымпаздық атты жаман әдет тек қана қазақта емес, орыс, өзбек сияқты көптеген өзге ұлттарда да баршылық. Соған қарағанда жағымпаздық, арамзалық, тойымсыздық дегендеріңіз адамзатпен бірге жаралған ба деп қаласыз. Басқалармен басымыз, бауырымыз бірге бітпегендіктен өзгелерде жұмысымыз жоқ, әркім өз қотырын өздері қасып алсын. Ал, бізде бұл жағымсыз мінез кеңінен дамыған, әсіресе жоғары жақтағы билік басында.

Тегінде жағымпаздық адам бойындағы ең бір жағымсыз, жексұрын мінез. Оның өзгелерге әкелер зияны ұшан-теңіз. Бір адамды мақтап, көпшік қойып көпекөрнеу қолпаштау арқылы ол өзінің ішкі есебін іске асыруды көздейді. Әрине, жағымпаздық өзінен әлсіз, өзінен төмен тұрғандарға емес, әдетте өзінен мықты, ал бүгінгі біздің қоғамды алатын болсақ, қолында билігі бар, лауазымы жоғарғыларға көрсетіледі. Ал, сол қолпаштауды үнсіз қабылдайтын, мақтау-мадақтау жанына майдай жағатын адамның да жағымпаздан асып кеткен жері жоқ. Керісінше соған жол бергені үшін жағымпаздан да әлдеқайда қауіпті қоғам үшін. Әсіресе ол мемлекеттік жоғары лауазым иесі болса. Өйткені сол қолпаштаумен қолтығына кіріп алған жағымпаздар өз бас пайдасы үшін ертең оны неше түрлі қылмысқа итергенін аңғармай қалады. Оның зияны қоғамдағы көпшілікке тиеді. Үнемі орынды-орынсыз мақтау естіген адам сол қолпаштауға кәдімгідей сеніп, өзін өзгелерден артық санап, өзін шынында да данышпан, теңдессіз адамға балай бастайды. Ондайлар бұдан кейін өзгелер тарапынан сәл ғана сын айтылса шынидай шытынап, көтере алмайтын жағдайға жетеді. Өйткені өзін данышпан санағандықтан өзгелердің жол сілтегенін жақтырмайды, ақылды тек қана өзі ғана айтуға тиісті болып көрінеді оған. Бұл бір бүгін ғана қалыптасқан әдет емес, оны біз кеңестік кезеңде де көргенбіз. Қазақ еліндегі орын алған жағымпаздықта сол кеңестік кезеңнен қалған сарқыншақ болуы да мүмкін. Мысалы кеңестік кезеңде үстемдік еткен коммунистік партияның бас хатшылары ел тұрмысындағы кемшілік пен ішкі-сыртқы саяси қателіктерді ескермей, бос мақтануға салынғаны белгілі. «Енді бір аттасақ коммунизмге жетеміз!» деген құрғақ ұрандары түбіне жетті. Өзінен бастап қасындағы қосшыларына дейін орден мен медаль үлестіруден қолы босамаған Л. Брежнев, демократ ойнын ойнаған М. Горбачев жоғары лауазым мен өзгелердің мақтауынан басы айналып өздерін ғана емес, бүкіл халықты, бүтін бір мемлекетті орға жықты. Олар мінберден сөз сөйлегенде жағымпаздар аяғынан тік тұрып, алақандары қызарғанша қол соқты емес пе? Соңы немен бітті?..

Ашығын айтсақ, егемендік алғалы Қазақстан жағымпаздық жағынан сол кеңестік кезеңнен асып кетпесе кеміс қалған жоқ.Содан да болар елімізде сөз бостандығы шектеліп, артық ашық пікір айтқан «Дат» сияқты басылымдар бірнеше рет сот арқылы жабылуға мәжбүр болды. Ал біздегі сот биліктің айтқанынан шыға алмайды. Тәуелсіздік алған осынау отыз жыл ішіндегі азды-көпті табыстарымызды күн сайын көпіртіп қайталаған бұқаралық ақпарат құралдары ғана жоғарыдан қолдау тапты. Билікке сын айтқан журналистер, оппозициялық көзқарастағы қоғам белсенділері қудаланды, әлі де солай болып келеді.

Жағымпаздық індеті ауыл әкімінен бастап, министрлікке, одан да жоғары деңгейге дейін жетті. Мысалы ауыл әкімі аудан, аудан басшысы облыс әкімі алдында құрдай жорғалайды. Осылайша жоғары кете береді. Шындап келгенде, заң бойынша осылардың бәрі де халыққа қызмет етуі, халықтың алдында ғана жауапты болуы керек. Жоқ, мына түрлеріне қарасақ халық оларға ешкім емес, топас тобыр ғана. Жоғары қызметті әкелері сатып әпергендей сезінеді.Қазір қаланы күнде аралап, тұрғындардың ортасында жүретін қала, облыс әкімін іздеп таба алмайсыз. Бар бітіретіндері – кеңсесінде отырып алып ешқандай нәтиже бермейтін жиналыс өткізу ғана. Одан қалды жоғарыға қағаз жүзінде «қырып жатырмыз, жойып жатырмыз» деп көпіртіп есеп береді. Басшылардың алдына бара қалса өз пікірін, ұтымды ұсыныстарын айтып, батыл ойын білдіре алмай, басы салбырап тұрады. Сөз сөйлей қалса: «Сіздің тапсыруыңыз бойынша, Сіз атап көрсеткендей, Сіздің арқаңызда...» дегеннен бастайды. Бұдан кейін сау адамның өзі «жұлдызды ауруға» шалдығады. Ал, «данышпан басшылар» сын ести қалса сазарып, сол жерде өзінің қол астындағы қызметкерін жеп жіберуге дайын тұрады. Ондай сын айтқан адамның ертеңгі күні белгілі, қызметінен айырылады. Сондықтан да төмендегілер жоғары басшыларға тәуелді, үнсіз құтылады.

Жағымпаздықты тарататын да сол түрлі деңгейдегі лауазымдылар, билік маңында жүрген, солар арқылы пайда көретін ірі кәсіпкерлер. Бұл жерде өздеріне берілген заңды пайдаланып «Тоқтатыңдар!» - деуге жарамаған көпшіліктің де үлесі бар. Мысалы мынаны алайықшы. Қазақстанда президент есімінің бастапқы буынынан тұратын «Нұр» атауы қоғамдық-саяси ұйымдар мен әлеуметтік және бизнес нысандарға жаппай жапсырылған. «Отан» партиясы 2006 жылы «Нұр Отан» партиясы болып өзгерді. 2008 жылы бірнеше ақпарат құралдарын біріктірген «Нұр Медиа» холдингі құрылып, 2010 жылы «Нұр Отан» партиясы БАҚ үшін «Нұр Сұңқар» сыйлығын тағайындады. Қазақстандағы ірі банктердің бірі де «Нұрбанк» деп аталады. Астана қаласының «Нұр Астана» аталатын ресторан, тұрғын-үй кешені, мешіті бар. Сонау шалғайдағы Ақтөбе қаласында бір шағынаудан «НұрАқтөбе» аталды. 2008 жылы маусымда Парламент Мәжілісінің бірнеше депутаты Астана қаласын «Нұрсұлтан» деп өзгертуді ұсынып, мәлімдеме жасап, ақыры солай аталды да. Осының бәрі тек қана Елбасының өзінің бұйрығымен жасалды ма? Әрине жоқ, жағымпаздардың әрекеті. Атақты ақынымыз Мұхтар Шахановша айтсақ, ТЖ-лардың (туфли жалағыштардың) ісі.

Жоғары лауазымды қызметкерді аяғын жерге тигізбей, көзін бақырайтып тұрып мақтаған әкім, депутаттардың атын атап, тізімін жасасақ ол шексіз болып кете береді. Сондықтан оған бір ғана мысал келтірейік. Кезінде Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жағымпаздықты қайдан үйреніп жүрсің?» деген сауалына кәсіпкер Нұрлан Смағұловтың берген жауабын көпшілік әлі де ұмыта қойған жоқ шығар. «Астана ЕХРО-2017» көрме кешенінде болып, құрылысы барысымен танысу кезінде сауда орталығының «Мега плаза» деген атауына көңілі толмаған Н. Назарбаев басқаша атауға болмады ма деп сұрады. «Мега плаза» уақытша атауы. Егер рұқсат берсеңіз «Нұр-плаза» деп қояйық» - деді Елбасының ығына жығыла кеткен Нұрлан Смағұлов. «Мен ол үшін айтып отырғаным жоқ. Осы жағымпаздықты қайдан үйреніп жүрсің?» деп сұрады президент. Белгілі кәсіпкер бөгелместен «Өмірдің өзі үйретті» деп жауап берді. Сол күні-ақ «Өмірдің өзі үйреткен жағымпаздық» туралы Нұрсұлтан Назарбаев пен Нұрлан Смағұловтың арасындағы әңгіме әлеуметтік желілерде ең қызу талқыланған тақырыпқа айналып шыға келді. Желіні қолданушылардың бірі «жағымпаз бизнесменді» айыптаса, енді біреулері «жағымпаздықты қалыптастырған біздегі қоғамдық құрылым кінәлі» деп жатты. Қалай болғанда да әлеуметтік жүйені жарып жібере жаздаған жұрттың аузын жаба алмайсыз және қоғамды кері кетіретін бұл көріністі қызу талқылаған көпшіліктің әрекетін қисынсыз деуге де келмейді.

Бізде тағы бір жаман әдет бар, басшылардың суретін кеңселерге, көшеге қысқасы көрінген жерге іліп қояды. Бұл да жағымпаздықтың белгісі. Осы жайында бірқатар басылымдар соның ішінде «Қазақ үні» де «...Жалпы портрет іліп қою, орыстардан қалған үрдіс. Баяғыда Ленин, Сталин, Брежнев сияқты көсемдердің жеке басына табынудан қалған демократиялық қоғамға жат, ескі әдет. «Жеке басқа табыну — саяси немесе діни билік иерархиясындағы жоғары мәртебелі адамды асыра дәріптеу, оның атқаратын рөлі мен міндетті қызметін шектен тыс жоғары бағалау. Саяси кайраткерге тәнірдей табынып, шектен тыс ұлықтау...» — деп анықтама берілген екен уикипедияның ашық энциклопедиясында. Бұл құбылыс орыстарда бағзы заманнан бар, бізге де солардан жеткен. Иисус Христостың бейнесін іліп қойып, соған шоқынып, табынатын діни ұғымнан басталғаны белгілі. Ал, біз мұсылман еліміз, соны ұмытпауымыз керек. Сондықтан мемлекет басшысының суретін көрінген жерге ілуді тоқтатқанымыз жөн...» деп жазған болатын. («Құлдық санадан қашан құтыламыз?!. (03-04-2019 ж.)

Мерзімді басылымдар мен әлеуметтік желілерде жиі көтерілгендіктен бе Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге дер кезінде назар аударды деуге болады. Мемлекет басшысы болысымен Атырауға барған алғашқы сапарында қала көшелеріне ілініп үлгерген өзінің жиырма шақты суреттерін алғызып тастады. Жұрт Тоқаевтың бұл бастамасын қызу қолдап, өздерінің оң пікірлерін білдірді.

Қай ел екені есімізде жоқ, ертеде дамыған бір мемлекеттің ақылды патшасы өзінің уәзірлері мен кеңесшілерін жинап алып: «Пиғылы жат мына көрші ел бізді жер-көкке сиғызбай мақтап жатыр, біз қай жерден кемшілік жібердік, соны қарастырып, табыңдар!» деп бұйрық берген екен. Бұл нені көрсетеді? Қуатты мемлекетті күшпен қирата алмасын білген әлсіз көрші қылыққа көшіп, мақтаумен, әз-әзіл айламен әлсірететін бағыт ұстанғанын ақылды патша бірден түсініп, қауіптің алдын алғанын байқатады. Бұл ертегі, аңыз болғанмен өмірлік сабақ алар мысал.

Сөзіміздің соңында тағы да сол хәкім Абайға жүгінейік.

«Сенбе жұртқа, тұрса да
қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.
Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды
қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді
қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған
бойыңа еп пе?..» — деген нақыл өлеңінің толық нұсқасын біздегі басшылардың кеңсесінің төріне көзге көрінетіндей көрнекі құрал ретінде іліп қою керек. Мемлекеттік қызметке аларда әрбір маманнан қазақ тілінен, ауыз әдебиетінен әсіресе Абай шығармаларынан қатаң емтихан алуды міндеттеу қажет. Бәлкім сонда ғана біздің лауазымдылар «бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болып», жаман әдеттен арылатын шығар...

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

«АҚ ЖОЛ» БИЗНЕСТІ САЛЫҚТЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЛҒАЙТУДЫ ҰСЫНДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ МАМИНГЕ

«Ақ жол» фракциясы Үкіметке дағдарыстан шығу кезінде бизнесті салықтық қолдауды ұлғайтуды ұсынады. Бұл туралы фракция депутаты Екатерина Никитинская ҚР Премьер-Министріне жолдаған депутаттық сауалында айтты.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Covid-19 індеті алдағы екі жылда әлемдік экономикаға бұрын-соңды болмаған кері әсерін тигізері сөзсіз. Қазақстан бүгіннің өзінде осындай қауіп-қатермен бетпе-бет келуде. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бағалауынша, елдердің эпидемияға қарсы шаралары өндірістің 20-дан 25% -ға азаюына әкелуі мүмкін, ал тұтынушылық шығындар бастапқыда үштен бірге азаяды деп күтілуде.

Орта және шағын кәсіпорындар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін экономикалық белсенділіктің төмендеуі ең қиын тәуекелдер болып табылады. Сатып алушылардың саны күрт төмендеп, келісім-шарттар бұзылып, жеткізу тізбектері үзілуі мүмкін. Дегенмен, кәсіпорындар кеңсе алаңын жалға алу, коммуналдық төлемдер, жалақы төлеу және тауарлық-материалдық қорларды толтыру шығындарын өз мойнына алады. Індет кезінде бұл шығындар кейбір кәсіпорындар үшін ұлғаюы да мүмкін. Бүгіннің өзінде Алматы қаласында азық-түлік пен дайын тамақты жеткізетін орта компаниялардың айлық шығыны 16 млн. теңгені құраған. Бұған қала сыртында тұратын жұмыскерлер үшін қонақ үйлер мен жатақханаларды жалдау, гигиеналық жеке құралдарды, төсектерді сатып алу, жұмысқа жеткізу үшін көлікпен қамтамасыз ету және тағы басқа да шығындар кіреді.

Наурыз айында Президенттің «Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы» №287 Жарлығына сәйкес Үкімет төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты салықтық қолдау шаралары туралы №224 қаулысын қабылдады.

Аталмыш қаулы бойынша микро, шағын және орта кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер 2020 жылдың 1-сәуірінен 1- қазанына дейін, ал ірі кәсіпорындар 1-сәуірден 1-шілдеге дейін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдерінен, жеке табыс пен әлеуметтік салықтан, зейнетақы төлемдерінен босатылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, ұшу-қону жолақтарындағы аэродромдарда, әуежай терминалдарында мүлік салығы ставкаларына нөлдік коэффициент енгізілді.

Әуе жолаушылар көлігі кәсіпорындарына резидент емес-терге әуе кемелерін лизингке техникалық қызмет көрсету және құқықтық қолдау үшін ҚҚС төлеу 2021 жылдың 1-қаңтарына дейін кейінге қалдырылды.

Сондай-ақ, салық төлеушілер үшін 2019 жылдың салық есептерін тапсыру бойынша екі айлық (31-наурыздан бастап 31-мамырға дейін) шегетулер енгізілді

Коронавирустық дағдарыс жағдайындағы салық және салық саясаты бизнестің сенімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталуы керек. Алдағы уақытта салықтық түсімдердің азаю ықтималдығы жоғары болғандықтан, оларды көбейтудің жақсы әдісі – тұрақты ынталандыру арқылы экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

Осы тұрғыдан алғанда қабыл данып жатқан фискалдық шаралар үйлестірілмеген және жеткіліксіз көрінеді.

Мысалы, микро, шағын және орта бизнес нысандарына неге екені белгісіз 2000 шаршы метр және одан жоғары сауда нысандарда автомобильдер мен автокөлік құралдарының ірі бөлшек сауда-сы, сауда-сауық орталықтары мен басқа да коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару, әуе бекеттерінің, әуе жолаушылар көлігінің қызметтері, сондай-ақ коммерциялық қызметтер және басқару мәселелері бойынша консультациялар да енгізілген.

Ірі кәсіпкерлік нысандарының тізімінде де дәл сол нысандар көзге түседі.

Әлбетте, ең алдымен үлкен бизнеске назар аударылғандықтан, құндық тізбектің өсуін қамтамасыз ететін экономика салалары іс жүзінде ұсынылмады.

Ал, ҚҚС төлеуді кейінге қалдыру өз алдына бір бөлек. 2019 жылға арналған салықтың есептің екі айға кейінге қалдыруда ешқандай жеңілдіктер қарастырылмаған.

Осыған байланысты, «Ақ жол» Демократиялық партиясының фракциясы Үкіметке дағдарысқа қарсы ұзақ мерзімді сипаттағы жүйелі салықтық шараларын қабылдауды, оның ішінде:

• Өткен жылғы кіріс деңгейін есепке алмай, тауар айналымының болжамды өзгеруіне негізделген 2020 жылы корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің тоқтатуды немесе түзетуді;

• Экономиканың нақты секторларындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, микро және шағын бизнеске жеке табыс салығы, сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру жарналары бойынша нөлдік мөлшерлемені ұзартуды;

• 2020 жылы әлеуметтік маңызы бар тауарларға, сондай-ақ импорталатын дәрі-дәрмектер мен оларды өндіруге арналған жабдықтарға қосылған құн салығы мен кедендік баждардың төмендетілген мөлшерлемелерін енгізуді;

• Айыппұлдар мен өсімпұлдар есебін тоқтата тұру кезінде декларацияны тапсыру мен салықтарды төлеу мерзімдерін ұзартуды;

• 2020 жылы карантин шараларын енгізу нәтижесінде қалыптасқан салықтық қарыздарды өндіріп алуды, соның ішінде банктік шоттар мен активтерді бұғаттауды тоқтатуды ұсынады.

Біздің ұсыныстарымызды қарастыруыңызды сұраймыз.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары

СЫНҒА ҰШЫРАҒАН ТІЗІМНІҢ КҮШІН ЖОЮ КЕРЕК

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ МАМИНГЕ

«Ақ жол» партиясының депутаттары Премьер-Министрге Ұлттық экономика министрлігі әзірлеген Тізімінің күшін жоюды және жүйе құраушы кәсіпорындардың басқа өлшемдерін ұсынды.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

«Ақ жол» Демократиялық партиясы ел басшылығының дағдарысты еңсеру жолындағы әрекеттерін қолдайды. Оның ішінде бизнесті қолдау қадамдарын ерекше бағалайды. Тұңғыш Президентіміздің дағдарыстан кейінгі экономиканы қалпына келтіру жөніндегі тапсырмалары республиканың одан әрі дамуына бағытталғанын айқындайды.

Сондай-ақ, Президент Қ.Тоқаев өз мәлімдемесінде атап өткендей, мемлекеттік органдардың жұмысында, оның ішінде жүйелік қателіктер орын алған.

Осыған орай, Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленовтің ТЖ жөніндегі Мемлекеттік комиссиясына ұсынған жүйе құраушы кәсіпорындар Тізімі жобасы қоғам мен Парламент депутаттары тарапынан қатаң сынға ұшырады.

«Ақ жол» партиясының атына еліміздің көптеген кәсіпкерлері ауыл шаруашылығы саласы және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу, азық-түлік, киім-кешек, балалар, медицина және гигиена тауарлары мен жеке қорғаныс құралдары өндірісі салаларының, яғни, бірінші кезекте қажет тауарлар өндірісінен бірде-бір кәсіпорынның неліктен Тізімге кірмей қалғаны туралы сұрап, жүгінуде.

Тізім жобасы тиісті министрлікте экономикалық процестер туралы жан-жақты түсініктің жоқтығын көрсетеді. Шындығында, бұл салалық монополистердің, яғни олардың бәсекелестерін есептемегендегі тізімі. Мысалы, құрылыс магнаттары басым болғанымен, тізімге бірде-бір құрылыс материалдарын өндіруші ілінбеген.

Тізімге барлық автоқұрастырушылар енгізілген сияқты болғанымен, Қазақстанда ең бірінші болып автокөлік жинауды бастаған және толық циклды өндіріс кешенінің құрылысын салып жатқан Өскемен зауыты кірмеген.

Құрылысшылар Одағының мәліметтері бойынша Тізімге үстеме компаниялармен үлестес емес сегіз жетекші кәсіпорын кірмей қалған.

Ал, ең бастысы қоғамға министрліктің кәсіпорындарды таңдауда, әрине, өздерінің жеке таңдауларынан басқа қандай өлшемдерді басшылыққа алғаны түсініксіз.

Бұған дейін, 2011 жылы Үкіметтің 2007-2009 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы бағдарламасының тәжірибесі негізінде экономкалық даму, индустрия, қаржы және ауыл шаруашылығы министрліктерінің «Жүйе құраушы кәсіпорындарға қатысты өлшемдерді бекіту туралы» бірлескен бұйрығы қабылданған болатын.

Осы бұйрыққа сәйкес, оған орта немесе ірі бизнеске қатысты, өнеркәсіп өндірісі және қызмет көрсету саласындағы жалпы көлемі кем дегенде 0,1% -ды құрайтын кәсіпорындар жатады.

Басқаша айтқанда, әр аймақ пен сала үшін өзіндік жүйе құраушы кәсіпорындар таңдалуы керек.

Ұлттық экономика министрі бұл тәсілдер туралы шынымен білмейді ме?

Мұның орнына, ол Тізімге Ұлттық компанияларды, негізінен мемлекеттік тапсырыстардан пайда табатын кәсіпорындарды енгізген. Онсыз да бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорындарға мемлекеттік артықшылықтарды енгізу қаншалықты тиімді? Одан да ашық бәсекелестікте жұмыс істейтіндерді қолдау дұрысырақ шығар?

«Ақ жол» ҚДП фракциясы мемлекеттік жеңілдік шараларын кеңейтіп, оған:

- жай ғана кейінге қалдыру емес, кәсіпорындар мен азаматтарға несие беру. Егер бұл қазір жасалмаса, қазан айында несиені шегіндіру аяқталған кезде, бұл мәселені шұғыл түрде шешуге тура келеді;

- бизнес пен халыққа арналған банктік несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендету мақсатында Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесін 5-7% дейін төмендету (біздің ағымдағы жылдың 11-наурыз және 5-сәуірдегі депутаттық сауалдарымызда талап етілгендей);

- экономиканы қалпына келтіру кезінде, мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторды сатып алу аясында заңнамалық босатулар енгізу, ЕЭА елдерінің бизнесіне кіруді шектеу және нарықта тек қазақстандық өнімдерді қалдыруды қосу керек.

Аталған Мемлекеттік комиссия отырысында Үкімет тарапынан жүйе құраушы компаниялардың жауапты міндеттері туралы мәселенің көтерілуі өте әділ деп санаймыз. Алайда, Ұлттық экономика министрлігі ұсынған Тізімде мұндай міндеттер тізімі сенімсіздік танытады.

Кәсіпорындар жауап ретінде жұмыс орындарын сақтау, отандық тауарларды сатып алудан бөлек, бағаларды нақты төмендету, оның ішінде: құрылыс нысандары мен тұрғын үй бағаларын, коммуналдық қызметтер мен әуе билеттері тарифтерін төмендетуге, сауда алаңдарын жалға беру бағаларын арзандату және басқа да міндеттерді қосуы керек деп санаймыз. Егер компания қоғамның мұндай мұқтаждарын орындауға дайын болмаса – яғни, ол кәсіпорын мемлекеттік қолдауға аса мұқтаж емес. Мысалы, құрылыс компанияларына тікелей қолдау көрсеткеннен гөрі, тұрғын үйге мұқтаж адамдардың ипотекалық несиелерін субсидияландыру әлдеқайда дұрыс болар еді.

Қаржының шектеулі екенін ескере отырып, мемлекет үшін монополиялық алпауыттардың кірістері немесе миллиондаған азаматтарды кедейшіліктен қорғаудың қайсысы маңызды екенін анықтап алайық. АҚШ және Еуропа елдері осындай жағдайларда корпорацияларды емес, шағын және орта бизнесті құтқаруда, өйткені орта тап қоғам болып саналады.

Тізім жобасы төңірегіндегі қызу пікірталас экономика ғана емес, еліміздің де өзгергенін көрсетеді. Бұл шындық, мұнымен мемлекеттік органдар мен министрлердің санасуына тура келеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы:

1) ҚР Ұлттық Экономика министрлігі әзірлеген Тізім жобасын талқылаудан алып тастауды;

2) Тізімді Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев, сондай-ақ ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың тапсырмалары мен критерилеріне сәйкес қатаң қалыптастыруды;

3) Тізім негізіне еліміздің өңірлерінің ұсыныстарын алуды;

4) Бизнестің жауапты қадамы ретінде көрсететін міндеттерінің тізімін қайта қарауды;

5) Ұлттық экономика министрлігі лауазымды тұлғаларының жоғарыда көрсетілген құжатты қате әзірлегені үшін жауапкершілігі туралы мәселені қарауды сұрайды.

Құрметпен, «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

Бекзәкір ҚҰРАЛБАЕВ, кәсіпкер, меценат:

МАҚТААРАЛ МӘСЕЛЕСІН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ШЕШКЕН ЖӨН

– Бекзәкір мырза, қазақта «Жығылғанға жұдырық деген» ұғым бар. Коронавирус деген пәленің кесірінен еліміз жаппай жарияланған карантиннен шыға алмай жатқанда Оңтүстік өңірде орналасқан Мақтаарал ауданын су басып онсыз да қиындық көріп жатқан ауыл тұрғындарына жығылған үстіне жұмсалған жұдырықтай болды. Өзіңіз оңтүстік өңірдің тумасы болғандықтан, бұл жақтың жағдайын жете білесіз ғой...

– Ия, өзім оңтүстік аймақта туып-өскен соң, жағдайды бір кісідей білемін деп айта аламын. Алдымен мына бір ресми деректерге назар аударып көрелікші. Түркістан облысында республика халқының 20 пайызға жуығы тұрады. Тұрғындарының орналасу орташа тығыздығы 1 шаршы шақырымға шамамен 20 адамнан келеді. Республика бойынша бала туу жөніндегі ең жоғарғы көрсеткіші(1000 адамға 22,6 сәбиден келеді) мен халық санының табиғи өсуінің ең жоғары деңгейі де (32,5 мың адамнан астам) осы өңірде. Анықталған мәліметтер бойынша облыс халқының басым бөлігін қазақтар (80 пайызы) құрайды екен. Бүгінгі күні ұлтымыздың санын өсіруге бірінші кезекте оңтүстік аймақ үлкен үлес қосып отырғанын көреміз. Ал бұл саяси, стратегиялық және экономикалық жағынан да алып қарасақ өте маңызды мәселе. Оған қоса облыс тұрғындарының басым бөлігі ауылдарда тұрады. Қазіргі кезде бізге жетіспей жатқан, өзіміз атабабалардан қалған құндылықтарды қайта қалыптастырамыз деген рухани жаңғырудың негізі – ұлттық мәдениетіміз, ұлттық салт-дәстүрлеріміз, дініміз бен тіліміз де осы ауылдарда барынша сақталған. Сондықтан, ауылды қолдау – ұлтымызды қорғау болып табылады.

Тағы бір басты нәрсе – ашығын айтсақ оңтүстік тұрғындары еңбекқор келеді. Жерді еміп өскен ауыл адамдары ерте көктемнен қарақызге, тіпті, қар түскенге дейін егін шаруашылығымен айналысады, оған қоса мыңдап мал өсіреді. Бұл машақаты көп жұмыс – көп күшті және қажырлы еңбекті талап етеді. Адам баласына аса қажет мұндай қасиет пен қабілет оңтүстіктегі ауыл тұрғындарының бойында ежелден қалыптасқан. Қолдағы бар ақпараттарға қарасақ қазір облыстың ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы –10,3 млн. гектар екен. Оның ішінде жыртылатын жер аумағы 0,8 млн. га. Ауыл шаруашылығында 63,3 мың шаруа қожалығы, 956 ӨК, 6 АҚ, 608 ЖШС жұмыс істейді. Олар жалпы еліміздегіауыл шаруашылығы өнімінің 12 пайыздан астамын береді. Бұл дегеніміз орташа есеппен алғанда Түркістан облысы өзге аймақтардың алдында тұр деген сөз. Ауыл шаруашылығының басты саласына стратегиялық маңызы бар мақта өсіру мен өңдеу жатады. Оның егіс көлемі – 170 мың гектар. Шитті мақтаны өңдеумен жылдық қуаты 650 мың тонналық 19 мақта зауыты айналысады. Олар облыстың Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара ауданында және Түркістан қалалық әкімдігі жерінде орналасқан. Егіннің орташажылдықөнімі: бидай – 400 мың т., күріш – 10 мың т., шиттімақта – 360 мың т., көкөніс – 400 мың т., бақша өнімдері – 291 мың т., картоп – 115 мың т., 2004 ж. мал саны: ірі қара – 603 мың, қой-ешкі – 3 млн., жылқы – 119 мың, түйе – 14 мың, құс – 1,8 млн., шошқа – 22 мың басқа жеткен екен. Бұл бұдан бірнеше жыл бұрынғы көрсеткіштер. Қазіргі деректерді алсақ осы көрсеткіштердің бәрі бір жарым есе жоғары деп есептеуге негіз бар. Міне толық емес осы мәліметтердің өзі ауыл тұрғындарының орасан зор еңбегін көрсетпей ме? Елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуге үлкен үлес қосып отырғандығының анық айғағы. Енді міне сол аудандардың бірінде егістік және жайылым жерлерді су басып жарамсыз етсе бұл масқара шығын ғой. Облыстағы он ауданның бірін су басуы он саусақтың бірін кесіп тастағанмен бірдей. Оған қоса мыңдаған адамдар баспанасыз, малмүліксіз далада қалды.

– Болар апат болды, Құдайға шүкір, бүкіл ел болып қол ұшын беріп, көмектесіп жатыр. Бұйыртса, жағдай жақсарады деген үміт бар. Көрші өзбек елі де тыс қалған жоқ...

– Бұл жерде көрші Өзбекстанның да толықтай кінәсі бар. Біріншіден, су қоймасы сапасыз салынған. Көктемгі қар суы мен жауған жаңбыр соны көрсетіп берді. Екіншіден, трансшекаралық су арналарын пайдалану туралы халықаралық ереже деген болады. Сол заң бойынша көрші мемлекеттердің өзара келісімі болуы міндет. Яғни, көршілес елдердің мүдделері ескеріліп барып жасалатын жұмыс деген сөз. Мына жағдайға қарап осы мәселе сол кезде дұрыс шешімін таппағаны көрініп тұр. Рас, өзбек ағайындар өз кемшіліктерін түсініп бізге жан-жақты көмек көрсетіп жатыр. Адамдары мен техникаларын жіберіп, Әлішер Усманов деген атақты кәсіпкері Ресей азаматы болса да қомақты қаржы бөлді. Өзіміздің кәсіпкерлер де қарап отырған жоқ, мемлекет тарапынан да қамқорлық жасалып жатыр. Бұл жерде көпшіліктің көкейінде сол қаржы діттеген жеріне жетіп, өз мақсатында жұмсалмай қала ма деген күдік бар. Ол да негізсіз емес. Естеріңізде болса былтыр Арыс қаласындағы апат кезінде халықты қолдауға бағытталған қаржыны ұялмастан жымқырғандар да болды ғой. Бұл жолы да сол шығынның бәрі толық көлемде өтелетін болса да жергілікті тұрғындар өлшеусіз зардап шекті. Бір коронавирус екі-үш айда жер жүзіне қаншама қасірет, қаншама шығын әкелді. Сол сияқты бұл апаттың да орнын толтыру мүмкін емес. Мыңдаған гектар егістіктен алатын өнім енді биыл жоқ болады. Оған қоса су басқан жердің қайтып өзінің табиғи қалпына келуі үшін уақыт керек.Бұл аймақта жер асты ащы сулары жер бетіне тым жақын орналасқанын ескерсек, ол үшін бірнеше жылдар қажет шығар. Еш нәрсе ізсіз қалмайды, апат салдары да бірден жойылмайды.

– Жоғары лауазымды басшылардың бірі өткен жылдары Америкада халықтың екі-ақ пайызы ауылдарда тұрады. Біз де солардан үлгі алуымыз керек деп көсілтіп тұрып айтқаны бар. Осы сөздің дәп бүгінгі күні тұрмысымызға тіпті де сай келмейтінін біле тұра басшылар мен қосшылардың бірдебірі оған қарсы пікір айта алмады. Әдеттегідей жағымпаздана алақандары қызарғанша қол соққаны есімізде. Енді міне қаптаған көп ауылдардың орнына Мақтааралға қала салайық деген ұсыныстар да айтылып қалып жатыр.

– Бұл бос сөз. Еліміздегі нақты жағдайды жете білмеу немесе баяғы сол «Біз дамып кеттік, біз мықтымыз!» дегенге саятын даурықпа, жалаң ұран. Ауылсыз өмір сүру мүмкін емес, оны есі дұрыс адамның бәрі біледі. Адам баласы тамақ ішпей қалай өмір сүреді? Ал, сол азықтүліктің бәрі қайдан келеді? Әрине ауылдан! Олай болса бұл жерде ол туралы ешқандай сөз болмауы керек. Әлде олар қалада егін егіп, қаладағы асфальтта мал жаймақ па? Бұл өздері қалада тұратын, нағыз еңбектің не екенін білмейтін, жалпы ауылдың жағдайынан мүлдем бейхабар адамның сөзі. Сонда қалай болғаны, ауылдағы малды қаладан барып бағып-күту керек пе? Ауылдағы ашыққан мал қаладан қожайыным қашан келеді деп күтіп жата ма? Санаға сыйымсыз сөздерді биік мінберден айту үшін алдымен ойлану керек қой. Біз онсыз да ауылды мүсәпір жағдайға жеткізіп болдық. Баяғы мыңғырған мал қайда кетті? Қаншама ауылшаруашылығы техникалары болды, соны бір-екі жыл ішінде жоқ қылдық. Ауылдарды банкрот деп жариялап, бар малмүлкін талан-таражға салдық. Ал кезінде Қазақстан алып одақтағы бүкіл он бес республиканы етпен қамтамасыз еткені есімізде, миллиард пұт астықты да өсіріп жинаған осы ауылдағы өзіміздің қазақтар емес пе? Ширек ғасыр бойы «Ауыл жылы», «Сыбаға», тағысын тағы да басқа бағдарламалар жариялап қаншама қаржы бөлініп келеді. Солардың бірі де соңына дейін, тіпті жартысы да орындалған жоқ. Одан кейін қайтіп ауыл шаруашылығы дамысын. Шын мәнінде осы сала бойынша біздің мүмкіндігіміз өте зор. Жеріміз кең, суымыз мол. Біз аграрлы елміз. Оны сонау ықылым заманнан бері біздің ата-бабаларымыз дәлелдеп, өмірлік тәжірибесінде көрсетіп кеткен. Бізде бәрі де бар, тек қана сол істі адал атқаруға деген таза ниет жетіспейді. Бөлінген қаржы жолай тоналып, ауылға тамтығы да жетпейді. Ауылды қомсынатындай не көрінді? Шаруашылықпен айналысуға мүмкіндік беріп, газ, су тағы басқа тұрмыстық қажеттіліктерін жасасақ ауылды ешкім тастап қалаға қашпас еді. Егер ауылда өз мәдениет үйі, өз спорт кешендері, денсаулық сақтау мекемелері, өз мектептері мен балабақшалары болса оның қаладан қай жері кем? Адамдарды қалаға әкеліп қамағаннан ештеңе ұтпаймыз. Оларға қаладан жұмыс тауып беруіміз керек. Қазір көптеген қалаларымызда пәтерден пәтерге көшіп, баспанасыз жүрген жас отбасыларының санын ешкім анық айта алмайды. Сондықтан жаңағы «қалашыл» саясаткерлердің сөзі еш негізсіз, тиімсіз ұсыныс деп есептеймін.

Айталық, осы әңгіме боп отырған оңтүстік өңірде басқа аймақтарға қарағанда әсіресе солтүстік облыстармен салыстырғанда ауылдар барынша сақталып қалды. Неге? Ең бастысы, жергілікті ұлт – қазақтар саны басым болды. Басқа облыстарда өзге ұлт өкілдері өзінің тарихи отанына үдере көшіп, ауылдар босап қалды. Ал оңтүстікте керісінше халық санының артуына байланысты жер тапшылығы бірден байқалады. Олардың шаруашылықпен айналысуға мүмкіндіктері жыл өткен сайын шектеліп келеді деген сөз. Ол түсінікті де. Ал, солтүстік, шығыс, батыс аймақтарда жерлер қаңырап бос жатыр. Оны өз кезінде билік маңында жүргендер сатып алдық деп, «заңдастырып» алған латифундистер ештеңе бітіріп жатқан жоқ. Олар ауыл шаруашылығының дамуына кедергі жасап отырған зиянды топ. Қаншама пайда әкелетін құнарлы жерлерді ел игілігіне пайдаланғызбай кесірін тигізуде. Мыңдаған гектар жерді бауырына басып алып, ауыл адамдарының қолдағы санаулы малының жайылымын да тарылтып тастаған. Енді ғана бұл мәселе жоғары жақта қаралып жатыр, ол қандай нақты шешім табары да белгісіз. Өмірде бәрі бір-бірімен тығыз байланысты, бұл бір ғана бүгінгі Мақтаарал жағдайы ғана емес, елімізде көптен келе жатқан жалпыға ортақ күрделі мәселе.

– Сіздің ойыңызша бұл тығырықтан шығудың қандай тиімді жолдары бар?

– Кез-келген қиындықтан шығар жол қашан да табылады. Ең бастысы – соған деген ынта-жігер, таза ниет керек. Айталық, оңтүстіктен солтүтсікке қоныстандыру басталғалы қанша жыл болды? Басында тәп-тәуір қимылдағанмен, соңы сиырқұйымшақтанып кетті. Бізде бір жаман әдет бар, бәрін ауызбен немесе қағаз жүзінде жасаймыз. Ал нақты іс соңында қалады. Жоғары жаққа есеп бергенде алдына жан салмайтын басшылар жалған ақпарат беруден бір жалыққан емес. Көшіп барған адамдарға лайықты жағдай жасалмағаны бірден белгілі, кейбіреулер тіпті барған жерлерінен кейін қайтып оралды. Халқы тығыз орналасқан оңтүстікте жер түгілі жұмыс табудың өзі қиын. Содан да болар мектепте еден жуатын жұмысқа тұру үшін пара беруге мәжбүр. Бұл туралы БАҚ-та талай жазылғанын білесіздер. Қаншама мамандар екі қолға бір күрек таба алмай жүр. Соларды өз қалауынша солтүстік аймақтарға көшіргенде ол жақтағы бос қалған ауылдарға жан бітіп, аз уақытта жаңарып шыға келер еді. Олардың арасында ұстаздар, дәрігерлер, инженерлер, құрылысшылар басқа да мамандық иелері жетерлік. Бұл алдында айтқанымыздай экономикалық жағынан ұтымды және ұлттық тұрақтылықты да қамтамасыз етеді. Бүгінгі мына апатты пайдаланып осы мәселені қатар көтеру керек еді. Апаттан зардап шеккендердің малмүлкін түгел есептеп, оның шығынын өтеп, өзге өңірлерге көшуге ниет білдіргендерді басқа аймаққа орналасуына көмектессек ұтар едік. Облыстық, аудандық әкімдіктер мен түрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдар осы бағытта үгіт-насихат жұмыстарын ұтымды ұйымдастырса, нақты нәтиже шығар еді. Біріншіден, шығын өтеуін толықтай алған адам солтүстікке көшкенде қосымша мемлекеттік квотаға да ие болады. Яғни, үй, мал, техника сатып алуға мүмкіндігі мол болады, қиналмай бірден шаруашылығын бастап кетеді.Екіншіден, бізді кейде орынсыз айыптайтындай теріс пиғылдағы саясаткерлер немесе көрші мемлекеттер бұл істен «өзге ұлттарға қысым көрсетіп жатыр» деген сияқты саяси астар іздемес еді. Әрі-беріден соң қазақ ұлты елдің қай аймағында тұрам десе де ерікті емес пе! Есесіне кең байтақ жеріміз өз иесі бар екенін сезінер еді. Менің ойымша осы бір өткен жылдары басталған «ішкі көшіқон» шараларын қайтадан көтеріп, өз деңгейінде ұйымдастыруымыз керек. Сол кезде қазіргідей әр аймақтың алақұла көрсеткіші теңеліп, біркелкі деңгейге көтеріледі. Байлық та, жетістік те өздігінен келмейді. Бәрі де өз адамдарымыздың қолымен жасалады. Сондықтан басты байлығымыз – адам капиталын дұрыс, тиімді пайдаланғанымыз жөн. Мақтаарал мәселесін де жоғарыда айтқандай кешенді түрде шешу керек.

Зейнолла АБАЖАН

№19 (889) 18.05.2020 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

2017 жылы алды әлемге әйгілі Ұлт зиялыларының Конституциядан 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап еткен Ашық хаты биылғы 9-сәуірден бастап қайта қатты қарқын алды! Тәуелсіздік алған отыз жыл бойы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылданбағанына наразы ел он бес күнде 100 мыңнан аса қол қойды! Қазір 115 мыңнан асып кетіп, қол қою әлі жалғасуда! Ашық хатты «Қазақ үні» сайтында оқығандар саны бүгінде 800 мыңға жуықтады. Қазақ тілін қолдап, қол қою қайта басталғанда қарсы шығушылардың қарқыны да қайта күшейіп, қаралаған мақалалар жазып, сайтымызға да шабуылдауы күшейіп тұр. Өткенде бір жазып едім: «КОРОНАВИРУСТЕН ҚҰЛДЫҚ ВИРУС ҚАУІПТІ» деп. Өкінішке орай сол сөзім күннен күнге расқа айналуда.

ЖАҚАШЫ БАР ЕЛГЕ ЖАУДЫҢ КЕРЕГІ ЖОҚ

ТОҚТАР ЖАҚАШ ТІЛГЕ ҚАРСЫ «ТОЛҒАУЫНДА» ЕЛДІ НЕГЕ АЛДАЙДЫ?

Кеше Фейсбук желісінде Тоқтар Жақаш дегеннің «Қазақ тілі туралы көпәріп» деген қазақ тілінің дамуына қарсы жазылған жазбасы шықты. Ол не дейді дейсіз ғой? Оқиық:

«Айтпайын-ақ деп едім. Ішіме сыймай кетті. Ұлттық сенім кеңесінің мүшесі Қазыбек Иса «Конституциядағы 7-бапты алып тастап, қазақ тілін ғана қалдырайық» деп шулатып жүр ғой. Тіпті, петиция да жазып, пәленбай мың адам қол қойып тастады. Ал, солай болды делік. Сосын? Сосын не болады? Мемлекеттік тілдің дамуы, одан әрі өркендеуі үшін қандай тезистер ұсынады? Жарайды. Батыстағы Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, одан бергі Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстары үшін ол ұсынысты орындаудың қиындығы жоқ. Ал тұрғындарының 55-60-70 пайызы славян тектес өзге ұлттан тұратын ШҚО, Павлодар, Қостанай, СҚО, Көкше өңірі мен Қарағанды аумағы не істеуі керек? Бір түнде шекарадан бәрін айдап шығамыз ба?», – деп сайрайды Тоқтар мырза!

Журналист деп естуші едік, дәл бұлай отыз жылғы ескі бос үрейдің құшағында ешқандай негізсіз, «екі қос уыс – бір кілә» деп жорамалдап соға береді деп ойламаппын... Соған қарағанда, «Біреудің үстінен жазатын арызы таусылса өзгенің арызын сатып алатын арызқой» деген сөз рас болды-ау деймін... Мейлі ғой, пенде болғасын біреу-біреумен айтысу бола береді. Бірақ енді Қазақ Елі Тәуелсіздік алғалы отыз жыл бойы армандап келе жатқан Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға қарсы шығу деген ешқандай ұғымға сыймайды. Мұндай Жақашы бар елге жаудың керегі жоқ қой!

Ал енді Жақаштың жарапазанына жауап берейік.

1.Оның «тұрғындарының 55-60-70 пайызы славян тектес өзге ұлттан тұратын ШҚО, Павлодар, Қостанай, СҚО, Көкше өңірі мен Қарағанды аумағы» дегені ешқандай дәлелсіз баяғы замандағы ескі көрсеткіш пайыздар!

Бұндай, Жақаш жар салғандай 6 облыста емес, қазір 1 облыста ғана қазақтар орыстардан 14 % ғана аз: Солтүстік Қазақстанда 35,3 (49, 4 орыстар,). Қостанай облысында да қазақтар жалпы халықтың 50 пайызынан аз болғанмен орыстардан аз емес, қайта артып келеді – 41,1 (40,7 орыстар). Ал Көкше өңірінде, яғни, Ақмола облысында орыстар емес, керісінше қазақтар 80 пайыз – 79,7, орыстар бар болғаны 12,2 пайыз (өзгелер 8,1).Шығыс Қазақстанда қазақтар 61,1 (орыстар 35,5, өзгелер 3,4); Қарағанды облысында қазақтар -53,8, (орыстар 35,8); Павлодар облысында қазақтар 53,1 (орыстар 34,9) болады.

Қалған аздаған пайыз тұрғындар Тоқтар айтқандай оншалықты көп емес және олардың бәрі тек славяндар ғана емес, түркі тектестер де көп.

Ал енді осындай жалған көрсеткіштер жазып, елді алдау Жақашқа не үшін керек болды?

Онсыз да отыз жылдан бері Ұлттық мүддені қорғай қалсақ, Қазақ тілін қолдай қалсақ, шабаланып бірінші қарсы шығатын өзіміздің орыстілді қазақтар болатын. Иә, олар Канат Тасибеков, Джанибек Сулеев, Мади Алимов және т.б. ежелден сыры мәлім белгілі газет «Караванда», негізгі мақсаты ұлт мүддесі мен мемлекеттік тілге қарсы шығу болып келе жатқан Central Asia Monitor, Nomad. su сияқты орыстілді сайттарда біздің Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды қолдаған Ашық хатымызға барынша қарсылық көрсетіп бағуда. Енді бұған қазақтілді Тоқтар Жақаш дегеннің жолдан қосыла кетуі нені білдіреді?!.

Бұл біздің биліктегі шешуші жоғары орындарда отырған орыстілді шенеуніктеріміздің Қазақ тіліне қатты қарсылығы енді өз ішімізден жау табу жұмыстарына жалғасып, жақсы жүріп жатқанын көрсетеді. Ал қай кезде де іштен шыққан жау жаман, сатқындардың сайтандай сап ете қалып, табыла кететіні тарихтан мәлім.

Мен жоғарыдағы қатты қарсылықтар туралы босқа айтып отырған жоқпын. 2019 жылы 6-қыркүйекте ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің бірінші отырысында жасаған баяндамамда «Конституцияның 7-ші бабынан 2-ші тармақты алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керектігін қадап тұрып айтқаным талайдың мазасын қашырғаны анық. Оған ұлттық мүдде, мемлекеттік тіл десе естері шығып кететін «интернационалист» Бахытжан Копбаев та, тіпті сол Ұлттық кеңестің орыстілді «казах» мүшелері де, бірден қарсы шықты. Ал, Президент әкімшілігі басшысының бір орынбасары «Мемлекеттік тілді дамыту туралы» 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның жобадағы «Мемлекеттік тіл» деген атауын «Тілдерді дамыту туралы» деп өзгертіп, «русский язык за бортом остался» деп, шет мемлекеттің – Ресейдің тілі туралы бір пункт қосып жіберді...

Үкімет кеңсесі басшысының бір орынбасары да одан қалыспай, Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын жасауы тиіс Мәдениет министрлігі қызметкерлеріне «Мемлекеттік тіл туралы заңның қазір керегі жоқ» деген «қарсылықтар» жаздырып алды. Бұл масқараны Мәдениет министрлігі Тіл форумын өткізгенде министрлік қызметкерлері маған өздері келіпайтты. Мен бұл туралы былтыр 12-қазанда Ұлттық кеңестегі ұсыныстарды іске асыру туралы Мәдениет министрі Ақбота Райымқұлова өткізген министрлік жиынында да, 16-қазанда сол кездегі вице-премьер Бердібек Сапарбаев бес министрді шақырып өткізген Үкіметтегі жиында да ашық айтқанмын.

Бұл Ұлттық кеңестегі ұсыныс осындай биік мінберден, Президент алдында алғаш рет айтылған, Тәуелсіз Елдің 30 жыл күткен сөзі болғандықтан, Дулат Исабеков, Бексұлтан Нұржекеев, Смағұл Елубай, Асылы Осман секілді белгілі ұлт зиялылары, қазақы қанды Ұлттық кеңес мүшелері де «Ұлттық Кеңестегі Қазыбек Исаның сөзі тарихи сөз болды» деп ризалықтарын білдіріп жазды. Ал әлеуметтік желі қолданушылары бір-бірінен сүйінші сұрап, қуана қолдап жазып жатты.

Қазір «Конституцияның 7-ші бабынан 2-ші тармақты алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап етіп, әлемге әйгілі зиялыларымыз бастап қолдаған Ашық хатқа қол қойғандардың ішінде белгілі журналист Максим Рожин бастаған орыс ұлты өкілдері де, украин, неміс, өзбек, тәжік, ұйғыр, дұңған тб өзге ұлт өкілдері де, еліміздің көптеген патриоттары бар. Ал Мемлекеттік тіл туралы заңның қажеті жоқ деп шәуілдеп жатқан өз қазақтарымыз, мысалы Тоқтар Жақаш әрине қол қоймайды?

«НЕГЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУДЫ ҚОЛДАП ҚОЛ ҚОЙМАДЫҢДАР?» – деп бұлардан сұраудың өзі артық деп ойлаймын....

Ал Тоқтардың тілге қарсы «толғауы» не дейді?

«Ол үшін не істеуі керек? Қазағы аз өңірлерге оңтүстіктің қазағын көшіруді, оларды стимулдандыруды арттыру керек. Қытайдағы қазақтар және оларды тарихи Отанына қайтару мәселесін бір сәт те тоқтатпауы керек. Түрлі бағдарламалар жасап, халықтың талқысына салып, үкіметке ұсына беру керек. Шет елдегі қазақ жастарын Қазақстанда оқытып, Қазақстанда қалдыруға барын салуы керек. Шетелдегі қазақтармен ақпараттық байланысты, қолдауды күшейтуге күш салуы керек. Қажет болған жағдайда «Көші-қон туралы», «Қазақстан азаматтығы туралы» заңдарға көптеген түзетулер мен өзгерістер енгізуге жұмыстану керек. Барлық күш-жігерді шығыс пен солтүстіктегі жерлерді қазақтандыруға, тұрғындарының ең кемінде 60 пайызын қазақ етуге тырысу керек. Қазақ тілінің жетекші тілге айналуына барлық алғышарттарды тудыру керек.»

Ойпырмай, осының бәрін бұрын ешкім айтпай, жазбай жүр еді? Ал үкімет «қашан Тоқтар Жақаш тапсырма береді?» деп күтіп отыр еді... Бұл біз жиырма жылдан бері жазып келе жатқан, біраз жылдан бері атқарылып келе жатқан шаруалар. Мұндай бұрын талай айтылған «пәлсапаға» жазылған жауаптар да толып тұр «Қазақ үні» сайтында. Қайталай берсек, дәмі де, мәні де кетер...

«Қазақ тілінің жетекші тілге айналуына барлық алғышарттарды тудыру керек.» дейді ғой сабазың үлкен «жаңалық» ашып... Ал алғышарттың ең біріншісі және негізгісі – Қазақ тіліне қажеттілік тудыратын Мемлекеттік тіл туралы заң екеніне Тоқтардың санасы жетпейді немесе саналы түрде өзі қарсы болады... Бұлай өз сөзіне өзі қарсы шығып, шатып-бұтудың көкесін кім көрген? Қайтсін енді, тапсырысты орындау керек қой! Тапсырмаға асығыс алашапқын кіріскені сонша, облыстардағы халық санының ұлттық пайыздық көрсеткішіне көз сала салуға да шамасы келмей, тіпті «Ақ жол» партиясының атын ұмытып қалып, шатасып жазады! Қайта бір қарауға да мұршасы болмаған болуы керек қожайынына тез есеп беремін деп есі кетіп жүріп...

Әлқисса, әрі қарай не дейді десеңізші?!.

«Бұдан шығатын қорытынды мынау: біздегі тіл мәселесін радикалды түрде шешуге асығып отырғандар Кремльдің ақырындап, біздегі лоббистері арқылы сыналап тығып жіберген сұрқия саясатын біліп немесе білмей арандауға ұшырайын деп отырған сияқты», – деп сайрайды.

Ойхой дерсің!.. Қандай қырағы сұңғыла саясаттану-

шы десейші?!. Жасай берсін Жақашымыз! Сақтандырған көбік сөзіне көп рахмет!

Тоқтардың бұл «тоқтамына» салсаң, Путин Қазақстанның солтүстігін басып алу үшін Қазыбек Исаның Қазақ тілі мәселесін көтеруін күтіп, жолға қарап отыр екен...

«Қазақстан мемлекеттік тіл мәселесін қозғаса, Ресей солтүстік облыстарды тартып алады» деген қосүрейлік елді қорқыту үшін қазақ тілінің дамуына қарсы отыз жыл сарнап келе жатқан біздің орысқұл билік пен орысқұл оппозицияның аузынан түспейтін жалған жаттама қазақы Тоқтардың аузына қалай топ етіп түсе қалды?..

Жақаштың жалықпай ойлап тапқан «қағидасы» – Мемлекеттік тіл мәселесі көтерілсе, Ресей «жақсы болды, Қазақстанды шауып алатын болдық» деп, алақанын ысқылап қуанады екен-мыс... Ендеше, неге ар жағын айтпағанда, 2011 жылдан бері Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға өзіміздің орыстілді құлсаналарды айтпағанда, Ресейдің атышулы шовинист саясаткерлері, журналистері өлі-тірісі бар барлығы жаппай жандары шығып қарсы болуда?!.

Отыз жыл бұрын да Қазақ тілінің «қазақ» жаулары тура осындай оттаубай жазушы еді, ой, құдайымай, әлі түк өзгермепті. Мына түрімізбен 50 жылдан кейін де осылай айтып отырамыз: «көшеге шықпа, көлік басып кетеді» дегендей... көлеңкеміздан қорқып. Бұндай «тұншықтыру» тұжырымдарыа Қазақ тілінің «қазақ» жаулары мен Ресейдегі шовинистер одан сайын отқа май құйып, неге қуана оқып, таратып отырады? НЕГЕ? ӨЙТКЕНІ ОЛАРҒА ҰНАЙДЫ! Ал Қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуы оларға ұнамайды. Қазақ Тілінің жауларына ұнамайтын нәрсе Қазаққа ұнайды! Сонда біз жауларымызға ұнайтын нәрсені істеуіміз керек пе? Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да осындай жаулардың «әлі ерте, ананы істеу керек, мынаны істеу керек» деген ертегісіне сеніп тағы 2050-ге дейін отыра беруіміз керек пе? Жоқ, өзіміздің Ұлттық мүддемізді іске асыруымыз керек пе?!. Қарапайым риторикалық формула!

Бір өкініштісі, мұндай «тұжырым» таратушы Жақаш секілді жазғышбайлардың өзі де өздерінің Қазақ тілінің жауларының жұмысын істеп отырғандарына милары жете бермейді. «Мен пайдалы іс жасап отырмын» деп сенеді. Ал оған Қазақ тілін қорғау қауқары әлсіз, «Малиновкиийдегі той» киносындағыдай ақтар келсе, ақ шәпкісін, қызылдар келсе, қызыл шәпкісін қойнынан суырып алып кие салып, суырылып сөйлейтін ермелер ессіз ере кетеді...

Әйгілі ақиық ақынымыз, тіл күрескері Мұқтар Шахановтың белгілі жырындағы қыран бүркітке жақсылық жасамақ болып, «тырнағы өсіп кеткен екен» деп, кесіп тастаған алжыған кемпір секілді... Жоғарыда айтқанымыздай, «Коронавирус та кетер, құлдық вирустан құтылу қиын» деп жазғанымыз да сондықтан ғой...

Әйтпесе, кімге қарсы шықсаң да, Тілге қарсы шықпауың керек еді Тоқтар Жақаш мырза?!. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ!

Ары қарай кетейік:

«Ал басқадай нәрсенің бәрі болмады дегенде алдағы парламент сайлауында «депутат болам» деген қосановский өлермендік немесе бос утопия», – деп қорытады құрғақ пәлсапасын Тоқаң...

«Бақсақ, бақа екен» дегендей, бар мәселе қайда жатыр десейші. Осыдан-ақ, Қазақ тіліне қарсы, Қазыбек Исаға қарсы мақала жазу тапсырысының «тамыры» қайда екенін сезуге болады. Оу, депутат болғысы келетін адам билікке ең жақпайтын, барынша қарсы болатын көзқарасы – Ұлттық мүддені, әсіресе Қазақ тілі мәселесін көтереді ме? Айттым ғой, Жақаштың жарапазанын тыңдасаң бір сөзі бір сөзіне қарсы шығып, мүйіздеп тұр. Мені осы уақытқа дейін депутаттыққа өткізбей келген ең басты себеп – осы ұлтшылдығым екенін Жақаштан басқаның бәрі жақсы біледі. 2016 жылғы парламент сайлауынан соң менің «БИЛІК БӘРІН КЕШІРСЕ ДЕ, ҰЛТШЫЛДЫҒЫҢДЫ КЕШІРМЕЙДІ» деп жазғаным да сондықтан болатын. Бұл сөзімді Алматы телеарнасындағы белгілі тележурналист Нартай Аралбайұлы жүргізген «Өткір тіл» хабарында да қайталағанмын.

Ал «қосановский өлермендіктің» қандай болатынын кезінде 2011 жылы тура осы Мемлекеттік тілді қолдауды талап еткен Ашық хатқа қол қоймаған, кешегі президент сайлауына түскен Қосановтың сол сайлауда шашбауын көтеріп шапқылаған, бүгін өзі де Мемлекеттік тіл туралы заңның қабылдануына қарсы шығып, мақала жазып отырған Тоқтардың (қандай егіз ұқсастық) өзі жақсы білетін шығар...

Ал жоғарыда айтылған «Қазақ тілін көтерсек Ресей шабуыл жасайды» деген негізсіз «қағида»осыған дейін өтіп келген – енді өтпейді! Өйткені қазақтың Ұлттық санасы өсіп кеткен бүгінде! Ондай оттауизмдерге талай жауап тұр «Қазақ үні» сайтында. Тағы да қайталап жазып, алтын уақытты кетірмей, Мемлекеттік тіл туралы заңды қабылдауымыз керек! Қазақ тілін қолдаған Ашық хатқа қол қойып, оншақты жылдан бері қолдап келе жатқан ақберен алыптар, алды әлемге әйгілі ұлт зиялылары, салмақты саясаткерлер ақымақ емес кейбір кертартпалар ойлағандай.

ҚАЗАҚ ТІЛІ АЗАТ ТІЛ БОЛУЫ ҮШІН ҚОЛ ҚОЙҒАН ӘР АЗАМАТҚА ЗОР ТАҒЗЫМ!

СІЗ НЕШІНШІ БОЛЫП ҚОЛ ҚОЙДЫҢЫЗ?!..

Қазыбек ИСА
«Қазақ үні»

■ DABYL

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВҚА

ЕРТЕҢ ЕЛДІ КІМ АСЫРАЙДЫ,

СМАҒҰЛОВ пен КИМ АСЫРАЙ МА?..

Құрметті Президент мырза!

Бүгінгі дағдарысқа байланысты Үкіметіміз 361 мекемеге қаржылай көмек көрсететін болып жатыр. Ол тізімде 218 құрылыс (оның 80-ВІ Group фирмасына қарасты), 86 – сауда мен жылжымайтын мүлікті жалға берушілер,26 – көлік, 15 – энергетика және 5 – тау-кен компаниясы бар екен. Бірақ, бір де бір өндіріс компаниясы жоқ көрінеді. Оны саралаған ҚР Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағы **мәлімдеме** жасапты. Мәлімдемедегі «авиакомпаниялар мен аэропорттарға, энергетикалық, элиталық тұрғын үй салатын және элиталық автомобиль сататын компанияларға қолдау көрсетуге басымдық беруге болмайды»; «Тізімге мақсаты мен бағыты жағынан мемлекеттен көмек алуға тиіс емес бизнес өкілдерінің кіруіне жол беруге болмайды!»; «Үкіметтің нақты өндіріс кәсіпорындарына көмек көрсетудің орнына миллиардтарды тарифты көтеріп қойып, аса бір мұқтаждық көрмейтін монополистерге жұмсауы мемлекеттік ұйымдардың беделін түсіреді, оған жол беруге болмайды!»; «бұл – барлық кәсіпкерлер мен елдің бүкіл тұрғындарының бетіне түкіру болып көрінеді» деген, «тізімді қайта қарау керек!» деген сөздерін оқығаныңызға күмәнім жоқ. Бұдан артық ашы да ақиқи айту мүмкін емес.

Мен тек өз тарапымнан мұндай қаржыны ең алдымен ауыл шаруашылығын көтеруге:егіншілікті интенсивті пайдалануға көшіруге, одан да бұрын етті, сүтті, жүн мен теріні тереңдете өңдеу ісіне жұмсауға міндетті екенімізге Сіздің назарыңызды аударғым келеді. Бұл мәселе 30 жылдан бері айтудай айтылып, бірақ, әлі күнге қолға алынбай-ақ қойған мәселе. Біздің сүт пен айранды, сарымай мен ірімшікті Ресей мен Қырғызстаннан, етті ...Аргентина мен Бразилиядан алып отырғанымыз естіген құлақтан ұят. Сіз осы дағдарысты, Төтенше жағдайды пайдаланып, қаржыны ауыл шаруашылығын көтеріп алуға жұмсамасыңыз, оған жұмсайтын ертең ақша таба алмай қаламыз. Біз сонда ғана баяғыда Ұлттық брендімізге айналуға тиіс экологиялық таза **Тағам өнеркәсібі** мен киім шығаратын **Жеңіл өнерәсіпке** негіз салып ала аламыз. **Сонда ғана халқымыз қандай дағдарыс болса да өзінің аш-жалаңаш қалмайтынына сенімді болады.** Өйткені, мақта мен жүніміз, теріміз бен егініміз бар біздің ішкиім-көйлектен бастап ішіктонға дейін, нан-ұн мен етмайдан бастап барлық ішіпжем түрімізбен өзімізді толық қамтамасыз етугемүмкіндігіміз жетіп-артылады. Сырты құндыздай жылтырайтын, ішінде неше түрлі жеп-жеңіл жылытқышы бар тайжақы жауын мен аяздан бірдей қорғайтын, **нағыз әлемдік қазақ бренді** болар еді...

Дағдарыс ұзаққа созылмайды деп ешкім кепілдік бере алмайды. Мұнайдың бағасы көтерілмей қойса, экспортқа шығаратын өнімімізшамалы-ақ, сонда не істейміз? Жарайды, 1 миллион олигархтар мен байлар қинала қоймас, қалған 17 милиион халықты немен асырайсыз? Жауапкершілік сіздің мойныңызда ғой? Қымбат автокөлік статын Н.Смағұлов пен «Қазақмысты» жекешелендіріп алған миллиардер В.Ким асырай ма? Олар асырамақ түгілі ұялмастан мемлекеттен көмек сұрап, өзіңізге қарап алақанын жайып отырған жоқ па?

Бүгін таңда халыққа, әсіресе, қазаққа ең бірінші керегі – күнделікті тамағы мен паналайтын баспанасы. Тамақ жайын ауылды көтеріп шеше аласыз. Ол үшін алдымен дамыған Европа елдері, кейінірек Жапония мен Қытай жүріп өткен, «бір ауыл – бір өнім» қағидасын ұстануымыз сұранып-ақ тұрған нәрсе. Қазір минитехниканың заманы, терең өңделген дайын бұйым жасап шығару үшін шикізатты ауылдан қалаға, ірі өндіріс ошақтарына тасудың қажеті жоқ. Аталып отырған ұстаным да нақ осыған негізделген. Бір ауыл тері тон күртке тіксе, екінші ауыл тері тон, үшіншісі ішік (дубленка) тіге алады. 1980-жылдардың аяғында меринос қойдың терісінен тігілген ішіктерді оңтүстіктегі Арыс, Ордабасы аудандарында тігіп, экспортқа да шығарғанбыз. Қазір әлемдегі сыртқы тері киім нарығының 18-20 пайызын қамтамасыз етіп отырған түрік бауырлар тон тігу дегенді 1950-жылдары Қытайдан Тибет-Гималайдан асып барған ата-әжелерімізден үйренген еді ғой!.. Кезінде «Все силы – на Деникина!» деген Лениннің ізімен, біз бүгін «Бар күшіміз – ауылды өркендетуге!» деген ұранмен қимылдсақ, ары кетсе бес-он жылда **«Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз!»** деген Бейімбет атамыздың арман-өсиетін іске асырарымыз сөзсіз.

Одан бөлек өзіңізге бұдан бұрын «ауылды жердегі 40 мың отбасыға қайтарымсыз 50 қойдан сатып әперейік» деген нақты жоба жайлы ұсыныс жасағанбыз. Ауылды шындап қолға алсақ, жалғыз ол ғана емес, өзге де ұтымды, тиімді жобалардың неше түрі ұсынылары анық.

Ал, қаладағы баспана мәселесін тез арада шешу үшін – Астана мен Алматыдан бастап барлық қаладағы жалға берілетін және бос тұрған пәтерлерді тексертіңіз. Мыңдаған емес, жүз мыңдаған қазаққа баспана тауып бересіз!..

Құрметті Президент мырза!

Ұлттың тағдыры шешілетін сәтте елге қызмет мәртебесі маңдайыңызға бұйырды. Батыл да жедел қимыл күтеді ел-жұрт сізден. Өйткені, мүмкіншілік те, ауыздан шыққан сөз секілді, қайтып келмейтінін сіз жақсы білесіз.

Ісіңіздің алға басуына тілектеспін. Алла-Тағала өзіңізге жар болсын!

Ізгі ниетпен ,
Өмірзақ АҚЖІГІТ,
тәуелсіз журналист

№19 (889) 18.05.2020 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Біздің

Белгілі педагог-журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Платиналы «Тарлан» сыйлығының, сондай-ақ «Құрмет» орденінің иегері Сайраш Әбішқызы – елім, жерім, туған халқымның тілі мен ділінің тағдыры деп жастайынан жан сала тер төгіп келе жатқан қазақтың ардақты қызы. Өмір жолымен таныс адамдар осынау жанның қастерлі Ұлттық, Мемлекеттік мүдде жолындағы небір жеңістерге сонау совет өкіметі заманынан басын бәйгеге тіге жүріп қол жеткізгенін жақсы біледі. Бұл ретте қысқа ғана бір мысал айтар болсақ, талай жылдар мызғымай келген «Алма-Ата» атауының бүгінгі Алматыға ауысуына тікелей ықпал еткен осы кісі еді. Міне, Сәкең үнемі осындай игі істердің басы-қасында жүріп, оң өзгерістерге мұрындық болып келе жатқан қайраткер. Оқырман назарына әріптес сіңлілері мен інілерінің Сайраш Әбішқызы туралы лебізі ұсынылып отыр.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ

Қашанда әділетті, шындықты бетке айту қиын. Ол үшін адам ішкі-сыртқы дайындық жасап, алдымен өз шындығын айтуы керек. Бұл ретте Сайраш апай өмірлік шындықты өзінше айтып, өзінше жазып жүрген адам. Әсіресе,қай жерде Тіл туралы, Қазақ туралы әңгіме бастасса, астына сексеуіл жаққан қазандай көп уақытқа дейін суи қоймайды.

«Аяғы лас есік пен төрді былғар, тілі лас бесіктен көрге дейін былғар» деген, Сайраш апай сол тіл «былғағыштармен», қазақтың әдет-ғұрпын құрметтемейтіндермен халқадерінше айтысып келеді. Кейде небір мықты деген, аузының дуасы бар азаматтарымыз шындықты айтатын кезде тартынып тұрғанда, кез келген мінберде өзінің сыңғыр үнімен айбар көрсетіп бебеулеп кететіні ақиқат. Өйткені қазақ тілі ол кісінің қанында, миында, жанында берік орныққан. Орнығып алған соң да оның ауруымен ауырады, ыстығына күйеді, суығына тоңады. Оны, тіпті, мінез етіп қалыптастырған. Ал мінезің – өз қадірің. Ендеше, бүгінгіСайраш апай туралы сөз еткенде, журналистігінен, көп жылдар бойы тапжылмай ұстаз деген үлкен зиялы қауымға арналған жорналды басқарған басшыдан гөрі көз алдыма қайраткерлік санаттағы қасиеттері басымырақ келеді. Ал кешегі Сайраш апай жайында да біраз сыр шертуге болады. Ол кісімен бірнеше жыл бойы бұрынғы «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінде бірге қызметтес болдық, сыйлас, сырлас жүрдік. Сол жылдарды жинақтай келгенде, Сайраш апай ұжым арасында осы белсенділігімен, көргенділігімен, тіпті жып-жинақы киім киіс, жүріс-тұрысымен де жақсы әсер қалдырған жан. Әсіресе, газеттің қоғамдық жұмысына жанын салып араласты. Ол кезде кәсіподақ ұйымының беделі де бедері бар кез. Сайраш апайдың журналистігі өз алдына, партбюро мүшесі болып, білдей газеттің кәсіподақ комитетін басқаруға сенім білдірілуінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Жұмыс істеймін деген жанға кәсіподақ ұйымының беделі бүгінгідей емес, әжептәуір, талай мәселенің басын қайыруға жарайтын кез. Сайраш апай сол мүмкіндікті пайдаланып, ұжымның бірлігін арттыруға, жақындастыруға, ұрпақ жалғастығының жібін үзіп алмай, сабақтастыруға ұйытқы бола білді. Ондай адами, азаматтың қасиеттерге өте бейім. Сонымен бірге алғырлығы, өжеттігі, жұртты бауырына тартып алатын «магниті» өз алдына.

Баршаға аян, ол уақыттарда «Социалистік Қазақстан» газетінде журналист қыздардың жұмыс істеуі некен-саяқ. Тіпті, 60-70-жылдары мүлдем болмаған. Ол қалам ұстаған қыздардың аздығынан ба, әлде айдарынан жел есіп тұрған газетте «нәзік жандыларға» көрсетілген сенімсіздік пе, білмеймін, бұл басылымға орналасу қиынның қиыны еді ғой. Сайраш апай газет тарихында жұмыс істеген қыздардың ішінде ондықтың бел ортасына кірсе, ал қыздар арасынан аға әдеби қызметкер болғандардың алғашқысы шығар. Содан да болар, Сайраш апайға кілең «сен тұр, мен атайын» жігіттердің арасында сын көз де, жауапкершілік те жоғары еді. Бірақ ол сыннан мүдірмей өтті. Тек қағылез, шапшаң журналистігімен ғана емес, онда жас, әдемі кезі болатын, барлық жағынан үлгі бола білді. Апайға қарап бой түзедік. Өйткені апайдың талғаммен киім киісі, жүріс-тұрысы сол кездегі уақытқа да, газеттің «мазмұнына» сай болатын. Тік жүріп, тік тұрды. «СҚ»-ның өз «ережесіне» сай қызмет етті. Кейде әзілқой құрдас әріптестері әзіл әңгімеге тартып жатса, орынды қалжыңмен жауап беріп, өзін сыйлата білетін.

Менің есімде, Сайраш апай «СҚ»-ның ерке қызы ретінде есте қалды. Ағайлар еркелетуші еді, өзі де еркелей алды. Ал еркелей білудің өзі де үлкен қасиет. Өйткені «СҚ» жұрттың бәрін еркелете бермейтін. Лайым, солай бола бергей...

Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,
журналист-жазушы

АҚИЫҚ АНА ҚЫРАН АСПАНЫНДА!

Жүрегіңе көктем күніндей нұр шуағын төгетін, жаныңды түсініп, жабырқасаң, маңдайыңнан сипап, жабықсаң, қайратжігер беретін жаратылысы бөлек, жайсаң жандардың жер бетінде жүргеніне не жетсін, шіркін! Тіпті, кейде өміріңнің бар мағынамазмұны мен қадір-қасиетін де сол бір адамдарға қарап өлшеп-пішетін сияқтысың. Өйткені нағыз адал таразы, айқын жол бағыты да сол адамдардың іс-әрекеті мен мақсат-мұратынан көрініп тұрады.

Менің өмірімде сондай бір өшпес өнегесімен із қалдырған адам – Сайраш апай Әбішқызы. Елі мен жерінің алдындағы парызқарызын бір адамдай өтеп шыққан, сонысымен асқақ арман-мұраттар үдесінен көріне алған осы апайымның қабағына көлеңке түспесе екен, Құдай деніне саулық берсе екен деген тілегімді іштей жиі қайталаймын. Иә, мұның себебі де жетерлік.

1986жылы «Жалын» баспасында жүргізілген сұрапыл «қысқартуға» ұшырап, «Қазақстан мектебіне» жұмыс іздеп келгенімде, шын адамдық мейірім-шапағатымен жұмысқа қабылдаған апайымның сол бір кездегі бет-ажары, жылы сөзі мен қайрат беріп қайрауы бүгінгідей есімде.

Мен «Қазақстан мектебіне» дейін журналистік мектептен өтпеген, таза әдебиетші қатарындағы жан едім. Екі жылдық мұғалімдік қызметтен кейін үш жыл «Балдырған» журналында поэзия бөлімін басқардым. Одан кейін «Жалын» баспасы. Мұндағы жұмысым – адамның ішін пыстыратын бір авторлардың түкке тұрмайтын өлеңдерін өңдеп-жөндеп, өндіріске өткізу болатын. Әрине, ол кезде де үзіп-жұлып болса да баспасөз бетіне әр түрлі тақырыпта мақалалар жариялап тұратынмын. «Қазақстан мектебінің» педагогика-психология бөлімінің редакторы ретінде, педагог-журналист ретінде мақалалар жазуға тура келгенде, алғашында қорқақтағанымнан, ең бастысы, Сайраш апайдың демеу-қолдауының арқасында тез арада-ақ бұл қызметке де төселіп кеттім. Апай қашанда маған күш-жігер беріп отырушы еді.

Шындығын айту керек, жастық пен мастықтың арқасында жаза басқан кездерім де аз болған жоқ. Анамдай аяулы адамды ренжіткен кездерім де жоқ емес. Сол туралы ойласам, жүрегім сазып арқам терлеп кеткендей боламын. Әрине, ол қателіктерімде арамдықтың көлеңкесі де жоқ болатын, сол баяғы жұмысқа келе алмай «ауырып» қала беретінім...

Сайраш апайымның арқасында қаншама жер көрдім, ел танылым. Үлкен-үлкен проблемалық мақалалар жазу бақытына ие болдым. Қазір «Қазақстан мектебінің» сол кездегі сандарын парақтап отырсам, Қазақстанның біраз түкпірлерін сол кезде аралаппын, сол кезде тәуір мақалаларды дүниеге әкеліппін. Менің кейіннен «Қазақ әдебиетінде» де қамшы салдырмай кеткеніме осы бір «Қазақстан мектебінің» сабақтары үлкен көмегін тигізгені анық. Бұл өзі – мен үшін, мен ғана емес, осында істеген, істеп жүрген көптеген азаматтардың аяулы мектебі. Олардың қай-қайсысы болсын, Сайраш апайға деген алғыстарын айтып жеткізе алмай әлек болады. Әрине, оған себеп, осы «Қазақстан мектебінің» қатардағы қызметкері мен үй сыпырушысына дейін пәтерлі болуы және олардың бүкіл үй-ішілік жағдайларына дейін Бас редактордың назарынан тыс қалмауы, ең бастысы – мейірім, шапағат!

Өзім ойлаймын, егер осы апайымның мейір, шапағаты болмағанда, қай уақытта үй алып, қай уақытта қатарға қосылар едім деп. Иә, бұл бір айтып жеткізе алмас ізгілік...

Мен осы адамның сарқылмас қайратына, жемірілмес жігеріне таң қаламын. Бұл кісі тек халық үшін, адам үшін жаратылған сияқты. Қанша жылдар қатар жүріп, өз басының қамын күйттегенін көзім көрмепті. Тіпті, кейде ауырып отырған кезінің өзінде журналдың немесе әлдебір қызметкерінің қамын ойлап отыратынына таңғаласың. Жатып қалған кезінің өзінде телефон соғып, шаруаның мән-жайын тексеріп отыратыны тағы бар. Менің осы жазғандарымды оқып отырған әлдекім «апайын әбден мақтапты» деп күлуі де мүмкін. Бірақ Сайраш апай туралы, әсіресе, ол кісінің тіл жетпес адамгершілік қасиеттері туралы осынау бір кішкентай ой-толғауда айтып шығу тіпті мүмкін емес. Өз басым осынау бір қазақтың нағыз біртуар адамымен әріптес, қызметтес болғаныма, қала берді бауыр, іні болғаныма шексіз ризамын.

Біздің қай-қайсымыздың болсын кішкентай ғана жетістігімізге шексіз қуанып, ажарланып, нұрланып кететін, ауыз толтырып айтып жүретін алтын апайымызға көңіл өтеуінен басқа ешқандай жақсылық істей алмадың-ау деп ойлағанда, өзімнен-өзім ұялатыным да рас. Бірақ «Көп тілеуі – көл» деген ғой, сол көптің біреуі ретінде, жанымен жақсы көретін бауыры ретінде Сайраш апайыма сәт сайын саулық, саламаттық тілеп отыратыным – Алла алдында ақиқат!

Әбубәкір ҚАЙРАН,
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

ҒҰМЫРЫ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ЖАН

Мен Сайраш апайды бала күнімнен білемін. Отбасымыз араласып тұрды. Әкем Жақан Құсайынов апайды «қарындасым» дейтін. Ал анам Рза Қунақова, Күләш апай Бейсенбиева мен Сайраш апай үшеуі «Қазақстан әйелдері» журналында бірге қызмет атқарды.Әрине, мен ол кезде жас болдым және апайды үйде қонақта болғанда ғана көріп, сол кісілердің қарым-қатынастары арқылы ғана таныған болатынмын. Үлкендердің бұл әдемі сыйластықтары өнегеге толы еді...

2000 жылы қыркүйек айында Жамбыл облысы Қордай ауданы Ноғайбай ауылының орта мектебіне анам Рза Қунақованың аты берілді. Мектептің салтанатты ашылу рәсіміне бірқатар ақын-жазушылар, ата-анамның ағайын-туысы, жекжаттары, жолдастары қатысты. Күләш апай Бейсенбиева мен Сайраш апай анамның аруағын құрметтеп, құрбыларының туған жеріне бәрінен бұрын келіп жеткен болатын.Сондай-ақ 2008 жылдың күзінде анамның туғанына 70 жыл толуына орай Қазақстан Жазушылар одағында өткен еске алу кешіне Сайраш апай келіп, анам туралы біраз естеліктерін ортаға салды. Содан бері үзілген байланысымыз жалғанып, телефон арқылы хабар алысып тұратын болдық.

Осыдан бірталай бұрын Сайраш апай Астанаға көшіп келуге ниеті барлығын білдіріп, Елордаға келгенін хабарлағанда қатты қуандым. Ата-анамның «көзіндей» болып жүрген апайды тез арада үйге қонаққа

Сайраш апай

шақырып, емен-жарқын араласып, біраз шер тарқаттым. Сонда апайға: «Сіз менің төркінімсіз, мұнда мен жалғызсырап жүр едім, енді сіз келіп, ортамыз толатын болды» деген едім.

Аллаға шүкір, Сайраш апай Сарыарқаның төсіне қоныс аударып, зиялы қауым қатарын толықтыра түсті. Содан бері апайға әбден бауыр басып, етене араласа жүріп, мен ол кісінің рухы биік, үлкен жүрек иесі екенін таныдым. Апайдың өз аузынан өмір жолы туралы айтқан әңгімелерін тыңдай отырып, қиындықты жеңіп сынақтан сүрінбей өтуіне құдіретті Алла Тағаланың берген таудай талап, сыйымды сабырлылық, тозбас төзімділігіне тамсандым. Еліне жасаған қызметінің еленіп, жоғары бағаланғанына қуандым. «Бақыт бағасын білгеннің басында ғана тұрады» демекші, мемлекет тарапынан зор марапат иеленіп, үлкен құрметке бөленсе де, апай өте қарапайым, жаны таза, мейірімді жан болып қалғанына тәнтімін. Қай тақырыпта болсын, апайдың айтқан әңгімесі мәнді де мағыналы, өнеге мен үлгіге толы. Өмірден көргені мол, түйгені көп. Қашан да апайдың үйіне бара қалсам, жайылған ақ дастарханы басында замандастары, ағайынтуыс, бауырлары толып отырады. Мен де апамыздың арқасында талай игі жақсылармен туыс болып кеттім. Халқымызда жақсы сөз бар: «Адам мен адамды қоса білген адам – жақсы кісі, ел мен елді қоса білген – дана кісі», көпшіл және дархан мінезді болу да Сайраш апайдың ерекшелігі деп білемін.

Қазіргі уақытта әр адам өз қара басының қамын күйттеп, «маған ғана таң атсын, маған ғана күн шықсын» деген заманда маңайындағы адамдарға сая, жан-жағына пана, ағайынға жанашыр болатын адам кемде-кем. Ал Сайраш апай болса, адами қасиеттердің бәрін жоғары ұстап, өзінің бауырмалдылығымен, жүрегінің ақтығымен, пейілінің кеңдігімен айналасына шуағын төгіп, шарапат-шапағатын жаудырып, барлығына қамқор болып жүр. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Адамның ірілігі оның кісілігімен бағаланады емес пе. Бұл орайда, Сайраш апай ірі тұлға дер едім.

Ғалия ҚҰСАЙЫНОВА,
ақын Рза Қунақованың қызы.

ТАРЛАН БОЗЫН ҮМІТТІҢ ТАҢ АСЫРҒАН

Сонау бір соғыстың сұрапыл жылдары еді. Шалғайдағы «Ерназар» ауылының да есіл ерлері бірінен соң бірі майданға аттанып жатты. Солардың тілеуін тілеп, жаутаңдаған жар, аңыраған ана қалды. Соның бірі – Рахима әже болатын. Соғысқа дейін мектеп директоры болған Тілегені, ұжымшар құруға қатысып, ел алдында жүрген Әбіші мен Әбіжаны – үш ұлы бірдей батыстағы қанды қасапқа кетті. Тілеген мен Әбіжанның артында жеті бала қалды. Ал өздері болса, бірі – Будапешт түбінде, бірі – Белоруссия ормандарында соғыс құрбанына айналып, мәңгі мекен тапты. Әбішті тағдыр желі Сталинград қырғынына апарып салды. Бір рет жараланып, ұрысқа қайта кіргенімен, Ростов түбінде екінші рет жараланғаннан кейін 1943 жылы елге оралды.

Ауыр жылдар сынына барлық аналар сияқты қайыспай төзген Рахима әже тұңғышын аман көргеніне тәуба қылған. Бұл кез соғыстың беті түзелгендей болып, жеңіске деген сенім де молая түскен. 1944 жылдың көктемінде Әбіштің шаңырағында шыр етіп дүниеге келген тұңғыш сәби үні ауыл-аймақты қуанышқа бөледі. Нәрестеге Сайрангүл деп ат қойылды.

Ердің жүгін арқалаған қайсар жан, ақылпарасаты мен өмір тәжірибесі бір басына жетерлік Рахима әжені жұрт ерекше сыйлайтын. Сол асыл әжесін Сайраш Әбішқызы бүгінде сағынышпен еске алады.

– Әжем мені тұңғышымнан туған тұңғыш деп өз бауырына салып, еркелетіп Сайраш деп атады. Туған шешемнен ерте көз жазып қалдым. Сөйтіп, мен әжемнің және екінші шешем Нұрбәтиманың тәрбиесінде болдым. Ол кісі маған өгейлік жасаған емес. «Майлыаяғым» деп, «балалардың ағасы» деп аялады. Әже тәрбиесінің де құдіреті ерекше ғой. Ол кісі соғыстан оралмаған екі ұлының отбасына да өзі ие болып, ұстап отырды. «Қайран біздің аналар арды ойлаған» дегендей, әжем сияқты адамдар қатал еді, қайсар еді, бірақ қатыгез емес еді. Әрдайым адамгершілік жолын іздейтін.

Самоуверенность и страх. В чем коллизия этих дилемм? Эти понятия имеют противоположные смысловые оттенки. Не будем вникаться в подробности и не будем детализировать. Но сегодняшнее развитие событий, динамика его роста и алгоритм действий мира, связанный с эпидемией коронавируса – это ничуть не вопрос эпидемиологического характера, а скорее всего гуманитарного, безусловно, нравственного характера. Мир открывает новые страницы взаимоотношений, которые, прежде всего, обусловлены новым отсчетом времени... Человечество столкнулось с проблемами, которые имеют «принцип бумеранга». Как выразился Ницще, «мир живет у подножья вулкана.»

Издревле человеческая память несет в себе генетический и исторический код. Порой мы забываем о сущности этих понятий и мировосприятий. Пандемия охватила весь этот мир, все мы бессильны перед этим вирусом, с каждым днем в мире это ползучее зло растет в геометрической прогрессии. Коронавирус – это не только эпидемия, но она стала вопросом гамлетовского характера: быть или не быть. Весь мир ломает голову, как спасти себя и все человечество. Вирус имеет общепланетарный масштаб. Все мы, невзирая на политические системы, невзирая на веры и границы, которые разделяют нас... как будто остановились на миг, равноценный миллиардам лет.

На карту поставлено будущее со своими сомнительными перспективами, с никчемными вопросами вроде, «какая цивилизация доминирует в мире – Запад, Восток, Китай или ислам?» Коронавирус – это прежде всего вирус корон всех правителей супердержав, идеологии демонстрации сил...

В идеале пандемия должна объединить разумную часть планеты... Мир накаляется, трещит по швам, противостояние приобретает новые формы в виде эпидемии. Не уж то супердержавы, гегемоны все и вся не могут найти вакцину против одного вируса?.. В мире накоплено столько арсенала против разрушения человечества, чтобы стереть его с лица земли... Гонка био-, нанотехнологий, искусственных интеллектов, информатизация и цифровизация мира не стоят и гроша перед этой пандемией.

Кстати, в романе «Чума» Альбера Камю ярко выражен посыл, что всякое зло — это нечто неотделимое человека, и даже тот, кто не болеет, всё равно носит болезнь в своём сердце. Люди доброй воли способны победить конкретное зло, но они не могут его уничтожить как категорию мироздания. И поэтому в финале романе под радостные возгласы горожан, которые празднуют освобождение от страшной болезни, главный персонаж доктор Риэ думает о том, что эта радость временная, он сознаёт, что «возможно, наступит день, когда на горе людям, чума разбудит крыс и пошлёт их умирать на улицы счастливого города». Что подразумевал Камю в своём романе, скорее всего, он имел «общечеловеческий» и вневременной подтекст. В этом смысле роман Камю предостережение, это разговор с самим собой. Да, как говорится, «История повторяется дважды — сначала в виде трагедии, потом в виде фарса».

«Мир сходит с ума». Безусловно, мысль не конгениальна, но такова действительность. Все это реалии времени, к сожалению, становятся парадигмой дисбаланса, однажды нарушив законы природы, мы получаем от природы достойный вызов. Человек бессилен перед мироустройством и мирозданием, которое было сотворено Божьим законом. Это неоспоримая истина... Нарушена гармония бытия и сосуществования человека в гармонии с природой. Вот результат новой чумы XXI века.

Вирус изменил не только мир и миропорядок, он еще раз напомнил нам, что человек бессилен перед природой, так называемый «сверхчеловек» переступил уже все человеческое, а «принцип бумеранга» неизбежен, как судный день.

Это пандемия, прежде всего, пандемия бездуховности.

Один из самых известных мыслителей современности Юваль Харари, размышляя о вызовах, стоящих перед человечеством, особо подчеркнул, как меняется смысл человеческого существования. Возможно ли человеку остаться человеком в этом бушующем мире, когда он уже запрограммирован, когда его деятельность и ежедневный шаг стало матрицей в информационном и биотехнологическом пространстве. Как мы ни говорили о лаврах достижений, о революционной эпохе информационного мира, мы остаемся наедине со своими проблемами как люди, как живые существа. Пандемия развеяла всю иллюзию о современной эпохе как вызов человечеству.

Мир в карантине. Карантин остановил все движение огромного мира. Закрылись двери, наземные, воздушные, надводные сообщения... человеческая физическая коммуникация загнана в тупик, мир замер, замер миг...

Молчание – одолеть молчание. Такой психофизический статус украсит ли человека? Что бунтует в жилах человека, прежде всего как индивида. Может быть, смысл жизни, который поставлен в оскорбительные для него условия. Карантин – не лучший способ выживания и самосохранения, но человечество пока еще не нашло более разумного рецепта кроме карантина перед лицом этой пандемии.

«Зло порождает добро» - это слова Достоевского. В быстротечным мире остановились циферблаты времени, а возможно это начертано свыше, нам придется остановится на время, заглянуть в душу самому себе. Куда идем, какова наша органика? Как мы вписываемся в общую картину мира? Как нам сохранить самих себя и при этом жить вместе в мире? А ведь у нас ответы на такие элементарные вопросы не были, скорее всего, не когда было ответить на эти вопросы. Мы гонялись за чем то, думали о чем то. Но, забыли самих себя. Время дала нам шанс на раздумье, шанс на тайм-аут, это философский отрезок времени...

Мы глубоко убеждены в том, что стоим у порога не только новых взглядов, новых мыслей, но и изменения сознания всего общества. Думаю, что давно назрела необходимость выработать механизмы воссоздания нашего общего духовного, культурного, экономического и нравственного пространства в новом формате. Скорее через модернизацию общественного сознания, через переформатирование нравственных устоев. Для этого нам нужна, прежде всего, политика нравственного самоочищения. А что скрывать то, наша общество стала полигоном разных взглядов и миропониманий, светского и религиозного и т.д.

В моем романе «Кара», вышедший в Лондоне, есть такая фраза: «Мир – это большой сумасшедший дом, а мы все пациенты». Да, мы «пациенты» этого безумного, безумного мира...Чем вылечить нас, есть ли вакцина? Если есть вакцина, как она называется?..

Называние этой вакцины – человечность в Человеке, человеколюбие и милосердие... Она действительно поможет миру, чтобы мир стал ещё красивей, она поможет нам, чтобы мы стали ещё добрей...

Султан РАЕВ,
народный писатель Кыргызстана

ҒЫЛЫМ МЕН ҰСТАЗДЫҚТЫ ҰШТАСТЫРҒАН ҒАЛЫМ

Біздің заманымызда өз саласы бойынша небір табысқа жетсе де, адамгершілік жолдан ауытқымай, қарапайымдылықты өзіне басты бағдар еткен жандар аз емес. Солардың бірі – Химия ғылымдарының кандидаты, Жер ғылымдарының докторы, профессор, қазақ білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Хайрулла Жанбеков.

«Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, Хайрулланың үздік оқушы, үлгілі студент атануы ең алдымен мектептегі білім ғана емес, отбасындағы тәлімі мол әке тәрбиесінен дарығаны анық. Өйткені, әкесі Нышан өз әкесінен тым ерте айрылса да, заманның ауыр соқпағына қарамай, терең білім алып, өзіндік жолын таба білген. Ең алғаш үш жылдық училищені тәмамдап өз туған ауылына яғни, Оңтүстік Қазақстан облысы Хантағы ауданында мұғалім болған ол осы біліммен тоқтап қана қоймай, Қызылордадағы пед.институттың химия-билология факультетін бітіріп, білікті маман атанған болатын. Өмірінің бар жалынды жылдарын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаздың шаңырағында өмірге келген Хайрулланың мектепті үздік бітіріп, жоғары оқу орнының студенті атануы да заңғар әкенің, аяулы ананың үлгілі тәрбиесінің арқасында.

Әкесі Нышанның үкілі үмітін жалғаған талантты ұл С.М.Киров атындағы университеттің химия факультетін үздік бітіреді. Бұл да, болса ұзақ жылғы әкенің өлшеусіз еңбегінің бір жемісі болатын. Сол кездегі еліміздің астанасы Алматы қаласының төрінде орналасқан университетті бітірген жас маман өзінің білімі мен білігін одан әрі шыңдау үшін өнер мен ғылымның қазаны қайнаған бұл қалада қалып, 1981 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Органикалық катализ және электрохимия институтында еңбек жолын бастайды. Білім ордасын үздік бітірген жас маманға институттың ғылыми-зертханалық жұмыстары қиындық туғызбай, қайта оның түрлі тәжірибелер жасап, өзінің шеберлігін арттыруға, білім қорын байытуға жол ашады. Озық біліммен жан-жақты қаруланған жас маман басшылықтың өзіне жүктеген міндеттемелерін жоғары деңгейде орындап зор ықыласқа бөленді. Ғылыми институттың ауқымды жұмысымен өзінің зерттеу жұмысын қатар ала жүріп, 1992 жылы кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Бұл, әрине, ұзақ жылғы көздің майын тауысар қажырлы еңбек пен тынбай ізденушіліктің арқасында қол жеткізген биік жетістігі. Осы алғашқы жетістік тек өзінің ғана емес, ауылдағы әкенің де абыройын асқақтата түскен еді. Өйткені, туған баласының жұлдызы оңынан туып, биік мінбеден көрінуі қай әкенің болсын асқақ арманы екені даусыз.

Хайрулла Жанбеков өзі еңбек жолын бастаған Органикалық катализ және электрохимия институтында он үш жылдан аса қызмет етіп, өзінің кандидаттық атағын алған соң, одан әрі 1994 жылы еліміздің тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде еңбек жолын жалғастырады. Бұрын тек зерттеу жұмыстарымен өзінің кәсіби деңгейін арттырса, мұнда шәкірттер алдында сол жинаған білімі мен шеберлігін көрсетуге тура келді. Жаңа жұмыс орнында әріптестері мен шәкірттерінің ықыласына бөлену, ғылыми жұмысты педагогикамен ұштастыру сияқты қыруар жұмыс күтіп тұрса да, талмай ізденіп абырой биігінен көрінді. Өйткені, шәкірттердің жүрегіне білім шамын жаға білу аса күрделі кезеңге сәйкес келген уақыт еді. Қиын-қыстау кезеңде шәкірттердің білімге деген қызығушылығын оята білу үлкен жауапкершілікті қажет етті. Себебі, ол кез еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы уақыттарда көптеген өндіріс орындары тоқтап, мәдени ошақтар мен білім ордалары тоқырап, ел азаматтары күн-көрістің қамы үшін қара базар жағалап кеткен уақыт болатын. Бұл тек білім саласында ғана емес, еліміздің барлық салаларында белең алған жағдай еді.

Хайрулла Нышанұлы Абай университетінде шәкірттерге дәріс бере жүріп, өзінің ізденушілік қабілетінің арқасында білікті ғалым атана білді. 2002 жылы ҚР ЖАК шешімімен доцент атанды. Осы атақ оның ғылым айдынында еркін қанат сермеуіне жол ашты. Олай дейтініміз, Хайрулла Жанбеков көп ұзамай 2003 жылы ҚР ЖАК шешімімен Химия ғылымдары бойынша экология мамандығына жеке жетекшілік ету құқығына ие болды. Бұл дегеніміз бұрын жай ізденуші ғалым болса, ендігі жерде тұтастай экология ғылымы бойынша университет ғалымдарына басшылық ету деген сөз. Осы салаға басшылық еткен оған 2007 жылы наурыз айында университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бірауыздан профессор атағы берілді. Міне, оның ғылымдағы баспалдағы ұзақ ізденіс пен қажырлы еңбектің нәтижесінде шыққан биігі болатын.

Х.Жанбеков қызметте де өзінің жауапкершілігінен танған емес. Оның жай қызметкерден басшылық сатыларына дейінгі өсу жолы осы сөзіміздің дәлелі. Профессор атағын алғаннан кейін ол көп ұзамай, 2007 жылы география және факултетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, 2008 жылы химия және биология факультетінің оқу ісі бойынша декан орынбасары, 2011 жылы жалпы университеттік пәндер орталығының директоры, 2012 жылы химия-биология факультетінің деканы сияқты жауапты қызметтерді абыроймен атқара білді. Осы жылдар аралығында ол әріптестері мен университет басшылығына өзінің білікті ұйымдастырушылық қабілетімен танылды.

2013 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің факультеттері заман талабына сай оңтайландырылған болатын. Бұл дегеніміз, бұрынғы ұсақ факультеттердің өзара біріктіріліп, ірі-ірі институт болып қайта құрылуы еді. Осы уақытта бұрынғы көптеген факультеттер университет ішінде ірі жеті институт болып жаңадан қалыптасты. Ендігі жерде оларды басқаратын басшылар сол институт құрамындағы қызметкерлердің дауыс беруі арқылы сайланатын болып шешілді. Өзге институттар секілді жаңадан құрылған Жаратылыстану және география институтының оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері өз басшыларын жабық түрде дауыс беру әдісі бойынша таңдады. Сол уақытта өзгелермен бірге дауысқа түсіп, бағын сынаған Х.Жанбековті институт қызметкерлері мен профессорлары бірауыздан қолдап, жаңа құрылымның басшылық қызметін сеніп тапсырды. Құрамына екі-үш факультет пен орталықтар біріктірілген үлкен институттың алғашқы басшысы атану оңай шаруа емес. Дегенмен, осы уақытқа дейін басшылық жұмыстарда болып, әбден ысылып, мол тәжірибе жинақтаған ол бұл жұмысты да дөңгелетіп әкетті. Осы аралықта институтта «Қосдипломдық» бағдарлама аясында химия мен биология мамандығы бойынша Ресей Федерациясы педагогикалық университеттерімен байланыс орнатады. Сол ғылыми байланыс бүгінгі таңда өз жемістерін беріп, университетіміздің PhD докторанттарының, магистранттарының, студенттер мен профессор-оқытушыларының білімі мен тәжірибесін жетілдіруге үлкен жол ашылды. Институт студенттері шетелдік және отандық ғылыми жобаларға қатысып, грант иегерлері болуына жағдай жасалып, студенттердің ғылыми шығармашылығын дамытуға зор мүмкіндіктер жасалды. Сонымен қатар, институт кафедраларының профессорлары Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Ғылыми зерттеу институттарының ботаниктерімен, зоологтарымен, биотехнология және адам физиологиясы мамандарымен, ҚР ботаникалық бағымен, Алматы қаласы Юннаттар станцияларымен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті институттарымен, ҚР ҰҒА А.Бектұров атындағы химия ғылымдары институтымен бірігіп көптеген зерттеу, тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізіп едәуір жетістікке қол жеткізді. Институт болып құрылу бір бөлек, оның ары қарай дамыту, шәкірттерге сапалы білім беру, Абай атындағы ҚазҰПУ құрылымдары арасында белді орыннан көрінуі Х.Жанбековтің ұжымда қолайлы ауа-райын орнатта білуінің нәтижесі. Ол басқарған уақытта институт аккредитациядан табысты өтіп, білім сапасы жөніндегі рейтингтерде алдыңғы орыннан көрінді. Әсіресе, Мәскеу, Санкт-Петербург ғалымдарымен қоянқолтық жұмыс істеудің арқасында институттағы жас ғалымдардың білімін шыңдауға жасаған қамқорлығы да орасан. Тәрбие жұмыстарына байланысты институтта көптеген игі шаралар өткізіліп, белсенді студенттерді және әлеуметтік аз қамтылған жастарды ынталандыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырып отырды. Сөйтіп Жаратылыстану және география институтының алғашқы құрылған уақытта басшылық жұмысын атқарған профессор Хайрулла Нышанұлы оны заман талабына сай оқу ордасына айналдырды. Институтты үш жылға жуық басқарған оған 2016 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016-2019 жылдары мектептерде жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту керек деген ұсынысына сәйкес университеттте арнайы құрылған Дайындық факультетінің жұмысын жүргізу тапсырылды. Бұл аса жауапкершілікті қажет ететін жұмыс болатын. Себебі, дайындық факультетін ашу бар да онда оқитын студенттерді тарта білу қажырлы еңбекті талап етеді. Мамыр айында ашылып күзгі жаңа оқу жылына дейін өзінің оқу бағдарламасымен және оқытушыларымен қатар онда оқитын студенттері болу керек міндеті алдында тұрған кезде осы жұмыстарды Хайрулла бір өзі жүгіріп жүріп табандылықпен орындай білді. Күз айында өзге институттар секілді бұл факультет те өзінің оқытушыларымен, студенттерімен оқу үдерісін бастап кетті. Бұл факультеттің міндеті межелі балл жинай алмай қалған талапкерлерді қайтадан тереңдете дайындап химия, биология, физика, математика пәндері бойынша ағылшын тілінде білім алатын студенттерді даярлап шығару. Хайрулла Жанбеков оқытушыларға қатаң талап қоя білуімен қатар әрбір студентті өзінің жеке қабылдауына алып, олардың білім деңгейін, тәртібін, жатақханадағы жүріс-тұрысын да назардан шығарған емес. Сонымен қатар студенттермен пікірлесіп, олардың талап-тілектерін тыңдап, оқу бағдарламаларын солардың сұранысына сай тереңдетіп отырды. Ұжымдағы оқытушылар да бүгінгі еткен еңбек ертеңгі өздерінің алар абыройы екенін терең сезініп, бар ықыласымен еңбек етті. Жыл соңында факультетке қабылданған жүзге жуық студент мемлекеттік тестілеуден жоғары нәтижеге қол жеткізіп барлығы да жоғары оқу орнының студенттері атанды. Биік абыройды тынымсыз еңбекпен жинаған ол 2017 жылы университетке ректор болып жаңадан келген Такир Балықбаевтың басшылығымен құрылған Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры болып тағайындалды. Жаңадан құрылған бұл департаменттің негізгі міндеттері: оқу үдерісін кредиттік жүйе негізінде ұйымдастыру және басқару; оқу үдерісін ұдайы жаңарту, оқу барысындағы қызмет көрсету сапасын арттыру; білімді бақылау жүйесінде баллдық рейтинг жүйесін одан әрі тиімді жетілдіру (аралық, қорытынды білімді бақылау); оқу үдерісін ғылымның соңғы жетістіктерімен, техникалық, инновациялық технологиялармен қамтамасыз ету; барлық оқу бағдарламасын үнемі дамытып отыру; тек ішкі нарықта ғана емес, халықаралық бәсекелестік пен еңбек нарығында да білікті бакалавр, магистр, PhD мамандарын дайындауды қамтамасыз ету; үш циклды жүйедегі «бакалавр-магистр-PhD» дайындығын халықаралық оқу бағдарламасымен бірігіп дамыту; талапкерлерді қабылдауда жаңа концепцияны және бітірушілерді жұмысқа орналастыру барысында жаңа механизмді жақсарту; ҚазҰПУ-дың әлемдік білім кеңістігіне енуі, ҚР басқа университеттер арасында жетекші дәрежеге жету үшін университетті оқу қызметтерімен қамтамасыз ету еді.

Ректор Такир Оспанұлының бастамасымен қолға алынған «Академиялық адалдық» кодексін студенттер мен профессор-оқытушыларға түсіндіру міндетін Х.Жанбеков басқарған құрылымдық бөлім ойдағыдай жүзеге асырды. Бұл кодексті қабылдаудағы мақсат университетіміздің студенттерін тек қана өз күшімен ғана жетістікке жете алатын мықты кадр етіп даярлау болып табылады. Егер біздің студенттеріміз жоғарыда атап өткендей сабақ барысында өзіне артылған жауапкершілікті сезініп, ғылымның белесіне тек өз күшімен ғана ұмтылар болса, университетіміздің атақ-даңқы тек қана елімізде ғана емес, шетелдерде де абыройға бөленетіні анық. Осы аталған «Академиялық адалдық» кодексіне сәйкес студенттерімізге қойылатын талаптар мен міндеттерді күшейте отырып, олардың сапалы білім алуына, кәсіби білімді терең меңгеруіне, оқытушыларымыздың өз жұмыстарын адал атқаруын үйлестіруде университет басшылығымен бірге Хайрулла Жанбеков те қажырлы еңбек етіп келеді.

Жауапкершілігі көп тынымсыз басшылық жұмыспен қатар өзінің ғылыми жұмысын қатар алып келе жатқан бүгінде арал аймағының экологиялық зиянды заттардан тазарту жолында Жапония мемлекетінің Цукуба университеті профессорларымен бірлесіп, зерттеу жүргізіп жүрген ірі ғалым. Жүз қырықтан астам ғылыми еңбектің авторы. Он авторлық куәлік пен РФ және ҚР патенттеріне ие, өзінің жеке төрт оқулығы жарыққа шыққан. Оның жетекшілігімен екі ғылым кандидаты, жиырмадан астам магистранттар мен PhD докторанттары ғылым айдынына қанат қақты.

Оның 2007 ж. ҚР Президентінің «Алғыс хатымен», 2008 ж. университет ректорының бұйрығымен мамандарды даярлауда қажырлы еңбегі үшін «Үздік ұстаз» төс белгісімен, 2013 жылы «Нұр Отан» партиясының Медеу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Д.Айнақұлованың «Алғыс хатымен» марапатталып, 2015 жылы ҚР Президентінің «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды. 2017 жылы ҚР тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы директорының орынбасары Ә.Рахымжановтың «Алғыс хатымен», 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің «Алғыс хатымен», сонымен қатар университетіміздің 90 жылдығы қарсаңында ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен марапатталуы ұзақ жылғы өлшеусіз еңбегінің әділ бағасы.

Жалпы, «Жақсы адамның артында із қалады, жаман адамның артында сыз қалады» деп дана халқымыз айтқандай, бүгінде алпыс төріне шығып отырған әріптесіміз Хайрулла Нышанұлына қызметте абырой, отбасына береке, өзіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Өзінің өмір жолын ұстаздыққа арнаған кішіпейіл мінезді ғалымның шәкірт жүрегінде үлкен жүректі адам ретінде қалары сөзсіз. Білікті педагог-ғалым, шебер ұйымдастырушы Хайрулла Жанбеков әлі де еліміз үшін көптеген ғылыми еңбектерді дүниеге әкеліп, талай шәкіртті өз ісінің маманы атандыратынына сенімдіміз.

Мелдебек ЖАҚСЫБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті химия ғылымдарының докторы, профессор



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Бір күні Қожанасырдан достары: «жасың келіп қалды, қашан үйленесің?» деп сұрапты. Сонда Қожанасыр жас кезінде үйленгісі келіп, өзіне мүлтіксіз жар іздегенін айтып былай дейді:
– Алдыменен Сарайшық қаласына барып, перідей сұлу қызды кездестірдім. Бірақ кейін ол қызда рухани байлықтың жоқтығын көрдім. Кейін Тараз қаласына барып, рухани жағынан бай әрі өте әдемі қызды кездестірдім, бірақ, өкінішке орай, онымен еш түсінісе алмадым. Ақыр соңында іздегенімді Сырым еліндегі Өлеңті ауылынан таптым. Ол шынайы мүлтіксіз әйел еді: діни сауаттылығы бар, сұлу, сыпайы, көркем мінезді. Бір сөзбен айтқанда – мүлтіксіз... Достары шыдамсыздықпен:
– Енді үйленбедің бе оған!? – десе, Қожанасыр елеңсіз:
— Жоқ, ол да мүлтіксіз идеальный біреуді іздеп жүр екен, – депті.
*****
Жаңа орыс Қазақстанда сағатына 250 км жылдамдықпен аңыратып келеді. Қазақтың гайшнигі тоқтатады:
– Қымбаттым, неге ереже бұзамыз осы? Енді қазақша түсініктеме жазуыңа тура келеді.
– Мен қазақша білмеймін ғой!
– Онда осында қаласың. Орыс ойланып тұрып-тұрып, 50 долларды қағазға орайды да инспекторға береді. Анау:
– Міне жазу білмеймін дейсің, жартысын жазып қойыпсың ғой!?
*****
Үйде әйелі мен күйеуі өзара сөйлесіп отыр:
– Тағы да іштің бе?
– Жоқ, ішкен жоқпын!
– Енді ішкенің көрініп тұр ғой !
– Жоқ, ішкен жоқпын!
– Мойындасайшы енді?!
– Жоқ, ішкен жоқпын!
*– Жақсы, онда *қанағаттан дырылмағандықтарыңыздан* деп айтшы.*
– ІШТІМ!

2019 жылдың №52 санында шыққан сөзжұмбақтың жауабы

СПОРТШЫҒА ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ҚАЖЕТ?

Үнемі жаттығатын адам үшін қажет:

• күніне кемінде 4 рет тамақтану;

• құрамында ақуыз немесе көмірсулары бар жеңіл тағамдарды жүрек жалғап алу;

• тағамда ақуыз, талшық және көмірсулар жеткілікті мөлшерде болуын қадағалау.

Дене салмағына, жаттығу қарқындылығына байланысты тамақтанудың калориясы тәулігіне 2000-нан 4000-ға дейін калорияны қамтуы тиіс. Сирек жағдайларда калорияны 6000-7000 калорияға жеткізуге болады. Көп энергия бодибилдерлерге, пауэрлифтерлерге, боксшыларға, жүзушілер мен жүгірушілерге қажет.

Тамақтарды бөлгенде олардың жаттығу уақытымен оңтайлы үйлесуін қадағалау керек. Сабақ алдында тамақтануға тыйым салынады. Жайсыздық немесе ас қорыту бұзылуы орын алуы мүмкін. Жаттығудан 1,5-2 сағат бұрын тамақ ішу ұсынылады. Сонда организм барлық қажетті заттарды өзіне сіңіріп, жаттығуларға көңіл бөле алады.

Жаттығу күнінде қалай дұрыс тамақтану керек?

Базалық рационға қосымша +800 ккл-ді жоспарлау керек. Бұл жаттығу кезінде жұмсалған энергияны толтыру үшін жеткілікті болады.

Жаттығуға дейінгі тамақтану қалай болады?

Ақуыздар бұлшықеттер үшін аса зор қажет екенін есте сақтау қажет. Күрделі көмірсулар энергия береді, жылдам көмірсулар тым тез сіңеді және қажетті энергия бермейді. Ал майларды айтарлықтай төмендетуге болмайды. Спортсменді қай уақытта жаттығудың жоспарланғанына байланысты бір күн ішінде қалай тамақтануға болатынын анықтайық.

Егер жаттығу таңертең болса?

Таңғы ас үшін спортшыға көп көмірсулар қажет.Тамаша опция – жеміс

немесе жаңғақ сұлы немесе тары болуы мүмкін. Ботқа(каша) аз мөлшерде болуы керек. Таңғы астан кейін жаттығуға жүгірудің қажеті жоқ, кем дегенде 60 минут күтіңіз. Егер сіз оянған болсаңыз және дереу жаттығу үшін жүгіру керек болса, онда смузи құтқарады.

К.СЕЙДАЛИЕВ,
А.ДОҒДЫРБАЙҚЫЗЫ

Қазақтың көрнекті ақыны, қайраткер қаламгері Мейірхан Ақдәулетұлы ағамыз жемісті жетпіс жасқа толып отыр екен! Мереке Берекеге ұласып, шаңырағыңыз шапағат пен шаттыққа бөлене бергей, Мейірхан аға!
1980 жылы ҚазПИ-де бірінші курста оқып жүрген кезімізде үш ақынның (Нұрлан Әбдібек, Қадірбек Құнпияұлы) өлеңдерін алғаш рет Фариза апамыз басқарып тұрған «Пионер» журналына сонда жауапты хатшы боп жүргенде шығарған осы Мейірхан ағамыз еді. Ол туралы біздің жазушы досымыз Шараф күшті әңгіме етіп айтып жүреді. Алматыда Мәкеңнің шаңырағы жас ақындардан босамайтын. Ажары ашық Айжұма жеңешеміздің де қабағы мәйін, қазаны дайын тұратын.

ӨЛЕҢДЕ ДЕ, ӨМІРДЕ ДЕ ҰСТАЗ АҒА!

Бүгін қазір ғана Бауыржан Бабажанұлы інімнің мақаласын риза болып оқып, газет пен сайтымызға сала салмақшы болып отырсам, он жыл бұрын жазылған мақала екен ғой. Иә, Бауыржан айтқандай, ол толқын ғана емес, олардың алдындағы біздің толқын да Мейірхан Ақдәулетұлын өздеріне аға, ұстаз тұтты. Білімі телегей теңіз Ақын ағамыз әлем әдебиетінің тереңіне бойлап кеткенде үлкен бір әлемге еніп кетіп, шыға алмай отыратынбыз. Өзінің де білмейтіні жердің астында Нұрлан Әбдібек айтушы еді «Мейірхан ағаны тыңдағанда, біліміне таңғалып, өмірден безіп кеткің келеді» деп.

Мейірхан ағамыз мақтаған өлеңімізді ең мықты өлең санайтынбыз. Сондай бір күні Жазушылар одағының «Қаламгер» барында мен «Белгісіз суретші» атты белгілі жырымды оқығанда Мәкең риза болып мақтады да: «Бірақ сенің бұл керемет өлеңіңді біздің қазақ қазір түсінбейді, әлі уақыт керек» дегені әлі есімнен кетпейді... Ешқашан бос сөйлемейтін Мейірхан ағам босқа мақтамапты. Кейін республикалық жас ақын-жазушылар кеңесінде «Қазақстан» қонақүйінің 26-шы қабатындағы «Космос» кафесінде еліміздің ең мықты ақындары жиналғанда Жұматай Жақыпбайұлы ағамыз осы «Белгісіз суретші» өлеңін бір отырыста үш рет оқытты. Нұрлан Әбдібектің: «Өзгелерге бір өлеңін оқуға кезек тимей жатқанда Жұматай аға саған бір өлеңіңді үш рет оқытты ғой тегі. Бүгін сенің күнің болды, жуу керек мұны!» –деп жүргені сол кез еді...

Мейірхан ағамыз атына сай артынан ерген інілеріне ерекше мейірімін төгіп жүреді ылғи. Өмірден ерте кеткен дарынды жазушы Есжан Айнабекті ерекше жақсы көріп, жанынан тастамайтын. Екеуі белгілі қаламгер Әшірбек Көпіш ағамыз басқарған кездегі атақты «Арай» журналында бірге істеді. Әйгілі Желтоқсан оқиғасында алаңға да бірге барып, екеуі де соққыға ұшырап, түрмеге түсіп шықты... Есжан да Мейірхан ағасын қатты жақсы көріп, шаң жуытпайтын. Бауыржан айтқандай, Мәкеңнің өлеңін ұнатқанмен, өзін ұнатпайтындар сыртынан бірдеме деп қалса, өзі қызуқанды Есжан екіленіп кетіп, төбелесе кетуге дайын тұратын...

Біздің 2000 жылы «Қазақ үні» газетін алғашқы аты «Жас қазақ» болып тұрғанда тіркеу қарсылығына ұшырап, кейін «Жас Қазақ үні» деп ауыстырсақ та, сол кездегі министріміз тіркемей қойды. Мен сол кезде ол кісіні сынап, сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайдың атына мақала жазған болатынмын. Шынында да, «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болып, аты дүрілдеп тұрған айбынды Ақпарат министрін сынаған мақаланы басып ел өле алмай жүр дейсіз бе, ешкім баспай қойды. Сонда көмек сұрап, Мейірхан ағаға хабарласқан едім. Ақтөбеде шығып, Алтын Орданы сұрап тұрған «Алтын Орда» газеті бірден басты да жіберді... Үш ай тіркеле алмай жүрген «Қазақ үні» газеті 2000 жылы 1 тамызда тіркеліп кетті. 11-тамыз күні алғашқы санымыз жарық ете қалды! Кейін ол мақаламды интернет басылым дегеннің елесі енді келіп жатқан, «Навигатор» деген орыстілді сайт та басты. Қазір қалың Қазақтың үніне айналған «Қазақ үні газетіне де биыл 20 жыл толады екен құдай қаласа.

Иә, бүгінде көбісі пір санап жүрген, өздерінікін ғана дұрыс санап, өзгелердің сөзін елемей, өзеуреп жүрген Жовтистерді сол кезде орнына қойып, шаңыраққа қаратқан осы Мейірхан, Аманхан Әлімұлы ағалар еді...

Мейірхан аға өлеңде де, өмірде де ұстазға айнала білген сирек дарындардың бірегейі!

Жетпістегі жігіт Мейірхан көкеміз жүзі жарқын күйде Жүзге жете берсін! Алаш бағына аман болыңыз Аға!

Алла жар болсын!

Қазыбек ИСА,
Қазақ үні

■ DÚNIE-KERÝEN

ҰЛЫЛАР ҰЛТҚА БӨЛІНБЕЙДІ

Ұлты орыс, жаны қазақ Юрий Васильевич Бондаревпен қоштасу

О, опасыз жалған-ай... Қара түнді қақ жарып Мәскеуден жеткен қайғылы хабар Юрий Бондаревтің өмірден озғанын жеткізді. Жазып отырған шығарма жайына қалды. Дене мұздап, жүрек сыздап сала берді... Кім келіп, бұл өмірге кім кетпеген, адамзаттың дұшпаны арсыз ажал кімнің жанын жүдетпеген?...

Ешкім мәңгі емес. Мәңгілік бір Алла, сосын адамзаттың анасы киелі Қара жер мен атасы қасиетті Көк аспан. Адам әрі кеткенде жүз жасайды. Өмір ұзақтығымен емес соңында қалатын ізгілікті істеріңмен мәнді. «Есіңде болсын, сен өмірге қонақ емес, өткінші жолаушы ғанасың» депті Лев Толстой. «Өткінші жолаушылықтың» мәнін терең ұғып, ұлағатты өмір сүрген ақиық ақылман еді, Юрий Бондарев, өзі де, сөзі де ірі еді. Ол Қазақстанды жанындай жақсы көрді. Қазақтың жайсаңдарымен кездессе ішкен асын жерге қоятын.

Билік оны қанша алақанына салып, атақтың Лениндік сыйлық бастаған неше атасын да, жоғары лауазымды қызмет те беріп, кеудесіне Алтын жұлдыз тақса да ылғи халық жағында болды, ащы да болса ашығын айтудан танбады. Ресей билігі халықтан алыстап бара жатқанда «Бермуд үш тағаны» атты роман жазып, асқақтаған шенділерді тәубасына келтірді.

Ресей Президенті Путин «Колоналы залда 80 жылдығыңызды өткізейік, кешіңізге өзім қатысамын» деп Сергей Михалков арқылы өтініш айтқанына өзім куәмін. Кештен де, екінші рет алғалы тұрған Алтын жұлдыздан да бас тартқан Бондарев ол!

Ұлылар ұлтқа бөлінбейді. Бір халықтың перзенті болып өмірге келген, сан халықтың сүйіктісіне айналған сом тұлғасы сонадайдан көзге шалынатын сондай алыптың бірі еді Юрий Бондарев.

Тағдыр маған орыс Сергей Михалков, Юрий Бондарев, Валентин Распутин, Людмила Щипахина, авар Расул Гамзатов, қырғыз Шыңғыс Айтматов, балқар Кайсын Кулиев, өзбек Зулфия, тәжік Момын Каноат, Гулрухсор, түркімен Берді Кербабаев, қазақ Олжас Сүлейменов, башқұрт Мұстай Кәрім сынды әлемдік деңгейдегі тұлғалармен таныс қана емес, дәмдес, сырлас, дос болу бақытын бұйыртты. Адам өз ортасының жемісі. Араласқан кісілерінің ықпал, әсері мол болады. Бүгінде белгілі бір табысқа жетсем жоғарыда аттары аталған ұлыларға қарыздармын. Соларға қарап бой түзедім, Ұлылардан көп нәрсе үйрендім.

Юрий Васильевич Бондаревпен 1999 жылы Мәскеуде КСРО жазушылар одағының Шолохов атындағы залында өткен шығармашылық кешімде таныстым. 2000 жылы «Советский писатель» баспасынан жарыққа шыққан «Вторая жизнь» атты бір томдық шығармама «Диалог с читателем» деп алғы сөзді Сергей Михалков жазып еді, соңғы сөз –түйін сөзді «Кардиограф человеческих души» деп Юрий Бондарев жазды. Содан бері соңғы жиырма жыл бойы тығыз қарым-қатынаста болдым Бондаревпен.

Юрий Васильевич Мәскеуден қырық шақырым қашықтықта оңтүстік шығысқа қарай Калжунская тас жолымен жүріп, әскери поселканы басып өтетін орман арасындағы саяжайда тұрды. Мәскеудегі төрт бөлмелі үйіне дәрігерге қаралғанда, ауруханаға жатқанда ғана келетін. Саяжайдағы көршісі, атақты кинорежиссер Эльдар Рязановпен орман ішінде жиі серуендейтін. Сол бір жылдары Мәскеуге жиі баратынмын. Барған сайын Юрий Васильевичке соғып, сәлем беретінмін. Көбіне мен, кейде ол телефон шалып жиі сөйлесетінбіз. Көп сериялы «Освобождение» кино эпопеяның сценариін жазған, «Берег, «Батальоны просят огня» сынды әлемдік деңгейдегі классикалық шығармалардың авторымен сағаттап әңгімелесу дүниенің рахаты еді. Ондай сырласулардан соң жандүниең жаңғырып, ой-өрісің кеңейіп жүре беруші еді...

Енді міне, сәуір айының соңғы он күндігінде сол алып бәйтерек те құлады, тоқсан алты жасында. Аз жас емес, әрине. Сонда да Бондарев сынды алыпқа бұл да аздық етеді. Қартайса да ақыл-ойы ортаймаған, қолынан кітап пен қалам түспеген қайратты еді ол.

Титандардың соңғы тұяғы Юрий Бондарев те өмірден озды. Онымен бірге тұтас бір дәуір, мол қазына әлі де айтылатын ой, жазылатын шығармалар кетті. Оның орны ойсырап тұр....

Қош, қоштасуға қимайтын, адамзатпен бірге жасай беретін қайран ұлы ұстаз!

Сәбит ДОСАНОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Алматы

БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ БАҚИЛЫҚ БОЛДЫ

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының Отырар ауданындағы өкілі Талғат Бейсеннің інісі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы Бағдат Бейсенов Қабылдаұлы қайтыс болды.

«Ақ жол» партиясы Орталық Кеңесі Президиумы мен «Қазақ үні» газеті редакциясының ұжымы Талғат Бейсеннің қайғысына ортақтасып, көңіл білдіреді. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, пейіште нұры шалқысын.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

Белгілі қоғам қайраткері, «Ақ жол» партиясының мүшесі Анарбек Орманның ұлы, «Су ресурстары Маркетинг» ЖШС-ның бас директоры, Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Мұрат Анарбекұлы Орманов 45 жасқа қараған шағында мезгілсіз дүниеден озды.

«Ақ жол» партиясы Орталық Кеңесі Президиумы мен «Қазақ үні» газеті редакциясының ұжымы Анарбек Оңғарұлының ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Марқұмның алды пейіш, арты кеңіш болғай. Алла алдынан жарылқап, иманы саламат болсын! Құдай ұрпақтарына ұзақ ғұмыр бергей!

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
Жауапты хатшы - Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН
Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz
Кезекші редактор –
Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген